

«Орта Азия мемлекеттеріндегі құқықорғау білімі мен адам құқығын қорғау» жобасы

# ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ АДАМ ҚҰҚЫҒЫ

мамыр 2011 жыл

Тоқсандық ақпараттық-сараптамалық бюллетень



## ҚОРЫТЫНДЫ ШЫҒАРЫЛЫМ



Еуропалық Комиссия



Норвегияның Сыртқы істер министрлігі

INSTITUTE FOR WAR & PEACE REPORTING



Соғыс пен бейбітшілікті жариялау жөніндегі институт

## ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!



*Ақиқат адамдардың оны іздеуге деген еркіндігі бар кезде ғана табылады.*

*Франклин Делано Рузвельт*

Адам құқығының бұзылуы ежелден келе жатқан құбылыс. Оның үстіне, базбір қоғамда құқықтың бұзылуы тіпті қалыпты дүние немесе мәдениеттің бөлігі ретінде қарастырылады.

Ақиқатын айтар болсам, бұл құқыққорғау жобасы Орталық Азиядағы IWPR коллективінің беріктігін тексергендей болды. Бұрын біз дәл осылай құқыққорғау тақырыбын қаузамағанбыз. Әрине, адам құқығы туралы мәселені көтеретінбіз, алайда тура осылай дөңгелек үстелдер, семинарлар, лекциялар, ҰЕҰ мен БАҚ арасындағы байланыс бойынша арнайы тренингтер өткізген жоқ болатынбыз. Оның үстіне бүкіл Орта Азия өңірі бойынша осыншама белсенді тұлғамен байланыс орнатпаған едік. Олар жалпыадамзаттық құндылықтарды қорғауға бағытталған күреске өмірлерін арнаған, бей-жай қарап тұра алмайтын, шешім қабылдай алатын адамдар еді. Аталған жобаның аясында біз ҰЕҰ, мемлекеттік құрылым өкілдерімен, кең бағытты сарапшылармен, журналистермен және қарапайым адамдармен жұмыс істедік.

Қайталап айтайын, біз, IWPR қызметкерлері сангер де, құқықтанушы да емеспіз, бірақ құқыққорғаушылар (олардың сала туралы білімдерін, заңды дамытудағы және қоғамдық кампаниялар өткізудегі тәжірибесін ескере отырып) мен журналистерді (жалпы халыққа бірдей ақпарат таратын) байланыстырғымыз келді. Жобаның алдында жасалған қажеттіліктерді бағалау жұмыстары тиімді жетістіктерге қол жеткізу үшін осы екі сала мамандарының арасындағы «көпірдің» жетіспей тұрғанын анықтады. Әдетте құқыққорғаушылар бұқарамен қай «тілде» сөйлесуді білмей жатса, журналистер құқыққорғау мәселелерін тереңдеп, түсіне қоймайды.

Сонымен қатар, біз аймақтың әр елі үшін аталған саланың ең күрделі деген аспектілерін анықтадық және нәтижеге қол жеткізу үшін, аянбай жұмыс жасадық. Аймақтық орталықтардан басталған қызметіміз, ел астаналарына, одан кейін аймақтық ауқымға өтті, жоғары деңгейде осы мәселелерді көтеріп, талқыладық. Нәтижесінде, екі жыл өтіп, жоба аяқталған соң, біз аймақ бойынша әріптестік жүйе орнатып, халықтың құқықтық сауаттылығын көтердік.

IWPR ерекшелігі оның мемлекеттік спецификаны ескере отырып, бүкіл аймақты қамтуында. Біз Қазақстанның, Қырғызстанның және Тәжікстанның түкпір-түкпірінде болдық. Сонымен қатар, біз мүмкін еместей болып көрінген ойды жүзеге асырдық: өзіміздің шараларымызға Өзбекстан мен Түркіменстаннан келген әріптестерімізді, шет елдерде тұратын диссиденттерді, тәжірибе алмасу және аймақтық

пікірталастарға қатыстыру үшін, шақырып, қатыстыра алдық.

Әрине, біз өз ісінің мамандары – әріптес ұйымдарсыз мұның бәрін жасай алмас едік. Мен бізбен жұмыс істеген, білімдерімен бөліскен, қолдау көрсеткен және сенім білдірген барлық тараптарға алғысымды білдіргім келеді.

Әріптестер, шыдамдылық танытқандарыңызға рахмет. Екі жыл бойы өз-өзімізге сынмен қарау, діттеген мақсатымызға міндетті түрде жетеміз деген ниет және жұмысты өзара дұрыс бөліп, атқару секілді қасиеттер біздің жақын серігіміз болды. Қазіргі бірлік рухы бізге бір күнде келе қойған жоқ. Әр адамның энтузиазмы мен мотивациясы жоба аясындағы шараларды жоғары деңгейде өткізуге мүмкіндік берді. Осы уақыт ішінде біз әріптестерімізбен бірге өсіп отырдық.

Біздің тренингтерімізге қатысушылардың әлеуметтік желілерді шара туралы жақсы пікір айтып жатқаны маған қуаныш сыйлайды. Бір кездері біз оқытқан адамдардың өздері тренер болып жатыр, жоғары лауазымды мемлекеттік қызметтерге қол жеткізуде, шет елде білім алуда... Тақырыптың қиындығы мен редакторлар қоятын қатаң талаптарға қарамастан, бізге мақала жазып, халықаралық аудиторияға жол тартып жатқандардың санының азаймай отыруы да көңілге жылылық сыйлайды.

Бұл жоба, біздің, яғни осы аймақ тұрғындарының ортақ мәселелері бар екендігіне көз жеткізді. Біз басымыз қосылғанда бір-бірімізді бір ауыздан түсінеміз. Қандай да бір мәселені ерекше ықыласпен талқылауға болатыны соншалық, кімнің қай елден келгенін, кімнің шенеунік, ал кімнің ҰЕҰ өкілі екендігін анықтау қиынға соғады. Шекаралар тек шартты түрде ғана қабылданады... Біздің Орталық Азияның тұрғындары бостандықсүйгіш, ақкөңіл және қонақжай болып келеді. Мен бәрінің осылай қалғанын қалар едім.

Тағы бір тілегім – осы қалыпта жұмысымызды жалғастырсақ. Ертенгі күні біздің бүгін атқарған іс-әрекеттеріміз үшін балаларымыз алғыс білдірер. Мен дәстүрімізді, мәдениетімізді және ділімізді сақтай отырып, заман талаптарын орындайтынымызға, осылайша әр адамның, болашақ әр ұрпақтың мүддесі үшін ең бағалы құндылықтарымызды пайдалана алатынымызға сенімдімін.


Құқыққорғау жобамыздың алғашқы кезеңі аяқталуда. Алда, екінші кезеңде осы салаға бағытталған кең көлемді зерттеулер мен жаңа жұмыстар күтіп тұр. Осы жолда бізді донорлар қолдайды деген үміттемін. Амандықта кездескенше, қымбатты достар!

Құрметпен, **Абахон Султонназаров**

# ЕС/NORWAY ҚАРЖЫЛАНДЫРАТЫН «ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ АДАМ ҚҰҚЫҒЫН ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ БІЛІМДІ БАҚ-НЫҢ КӨМЕГІМЕН ҚОРҒАУ» ЖОБАСЫ БОЙЫНША IWPR ҚЫЗМЕТІ

Жобаның жүзеге асырылу мерзімі: наурыз 2009 – наурыз 2011

IWPR-дың Орталық Азия бойынша өткізген негізгі шараларының географиясы




## Оқиғалар хронологиясы






Жобаның екі жылы ішінде ел бойынша жарық көрген мақалалар саны



Жобаның екі жылы ішінде жарық көрген мақалалар тақырыбының пайыздық үлесі



- Азаптаулар, заңсыз тұтқындаулар және әділ сотқа деген құқық
- Саяси күрес, сонымен қатар биліктің ауысуы
- Ұлтаралық жанжал мен ұлттық азшылықтардың құқығы
- Сөз бостандығы мен БАҚ
- Тұтқындар құқығы мен өлім жазасы
- Тіркелмеген некедегі әйелдердің құқығы, отбасындағы күш көрсету
- Жүріп-тұру еркіндігі, босқындар мен мигранттардың құқығы
- Балалар құқығы және бала еңбегі
- Сайлау құқығы және жаңа Конституция туралы мәселелер
- Діни құқықтар
- Баспанаға, тамаққа, медициналық қызметке қол жеткізу (өз еркімен басып алу)
- Денсаулық құқығы және АҚТҚ/ЖҚТБ
- Білімге қол жеткізу
- Мүмкіндігі шектеулі жандардың құқығы
- Адам саудасы
- Зейнеткерлер құқығы



Баспа өнімдері



Баспа өнімдерінің жалпы саны

**10000**

**48** журналист тұрақты түрде IWPR үшін аймақтағы құқыққорғау мәселесіне қатысты мақалалар жазып тұрады

**109** ҰЕҰ-мен IWPR бірлесіп шаралар ұйымдастырады

Аймақтың бес елінен **43** әріптестік ұйыммен байланыс ұстайды

IWPR шаралары туралы ОА **15** БАҚ-ы ақпарат беріп отырған

Екі жыл ішінде IWPR сайтының Central Asia бөлімін **500.000**-нан астам адам қараған (олардың 41 %-ы ағылшын тілінде, 44 %-ы орыс тілінде, 15 %-ы жергілікті тілдерде)

- 2010 6 Қаңтар**: Тәжікстанда ең ірі Рогун ГЭС-ның құрылысы қайта жанданды
- 2010 21 Мамыр**: 2011 жылдың аяғына дейін Қырғызстан президенті Роза Отунбаева болмақ
- 2010 27 Маусым**: Қырғызстанда жаңа Конституция қабылданды. Ел парламенттік республикаға айналды.
- 2010 6 Шілде**: Қазақстан, Ресей және Белорусияның басын біріктірген Кедендік кодекс күшіне енді
- 2010 6-7 Сәуір**: Жаппай халық толқуының нәтижесінде президент Қ. Бәкиев орнынан кетті. Билік Уақытша үкіметтің қолына көшті.
- 2010 Маусым**: Қырғызстанның оңтүстігінде орын алған қайғылы жағдайлар
- 2010 19 Қыркүйек**: Қылмыстық топтарды жою бойынша үкіметтік әскердің ауқымды операциясы басталды
- 2010 10 Казан**: Қырғызстандағы Парламент сайлауы
- 2010 10 Казан**: Қазақстанның ЕҚЫҰ-на төрағалық етуі
- 2010 19 Қыркүйек**: Шет елдердегі ислам оқу орындарында оқып жатқан тәжік студенттерін елге қайтаруда
- 2011 1 Қаңтар**: Тәжікстанда қыздардың неке кию жасын 17-ден 18-ге өзгертті
- 2011 3 Сәуір**: Қазақстандағы президент сайлауында Н. Назарбаев жеңіске жетті

Айпарат көздері: IWPR, NBCA, AKIPress, Азия-Тінос, Regnum.



**IWPR АЙМАҚТЫҚ ШАРАЛАРЫНА  
ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІСІ**

Іздеу

Табу



**Сергей Наумов**  
NBCA сарапшысы



**Давлат Назри**  
ТР СИМ Ақпарат басқармасының бастығы



Логин

Құпия сөз

Жіберу

Сайтқа тіркелу  
Құрия сөзді ұмыттыңыз ба?



**Юрий Гусаков**  
Адам құқығы және заңдылықты сақтау жөніндегі қазақстандық халықаралық бюроның Қарағанды облысындағы бөлімшесінің директоры



**Динара Ошурақунова**  
«Демократия және азаматтық қоғам үшін» Коалициясының директоры



**Нуриддин Каршибоев**  
Тәжікстанның Тәуелсіз БАҚ-дарының Ұлттық Ассоциациясы (ТТБАҚА) медиа құқықорғау ұйымының жетекшісі



**Абдумомун Мамараимов**  
ҚР ОСК мүшесі, «Voice of Freedom» ҚҚ басқарма төрағасы, «Голос свободы» газетінің бас редакторы



**Мұрат Әбенов**  
Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің дептаты



**Алена Аминова**  
тәуелсіз журналист



**Наргис Закирова**  
ТР Адам құқықтары және заңдылықты сақтау жөніндегі бюроның директоры



**Сардар Бағишбеков**  
«Голос свободы» ҚҚның жетекшісі



**Әділ Нұрмақов**  
«Global Voices Online» ұйымының Орталық Азия бойынша аймақтық редакторы



**Вячеслав Абрамов**  
director of Freedom House's Representative office in Kazakhstan



**Василий Марков**  
тәуелсіз журналист



**Сурат Икрамов**  
Өзбекстанның Тәуелсіз құқықорғаушылар бастамашыл тобының көшбасшысы



**Гулжамал Султаналиева**  
«Доор Эли» ҚҚ жетекшісі, ҚР Ада құқықтары бойынша кеңесінің жетекшісінің міндетін атқарушы



**Улугбек Бабакулов**  
«МК Азия» газетінің бас редакторы



**Бектур Искандер**  
Клоор Media ;аңалық және блог тұғырнаамасының тең құрылтайшысы және редакторы



**Мухаммади Ибодов**  
ТР «ИСАБ (интернет саясатының азаматтық бастамасы)» ҚҰ атқарушы директоры



**Вячеслав Мамедов**  
Түркіменстанның Азаматтық Демократиялық Одағының көшбасшысы, Нидерланды



**Алла Куватова**  
Гендерлік теңдік және әйелдерге қатысты күш көрсетудің алдын-алу бойынша УЕҒ Ассоциациясының атқарушы директоры



**Андрей Гришин**  
Адам құқығы және заңдылықты сақтау жөніндегі қазақстандық халықаралық бюроның редакторы



**Ташпулат Юлдашев**  
тәуелсіз өзбек саясаттанушысы, АҚШ

**БҰЛ ШЫҒАРЫЛЫМДА:**

- 5 ЖОБА ЖАҢАЛЫҚТАРЫ
- 7 ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛДЕР
- 11 АРНАЙЫ ШАРАЛАР:
- 11 Журналистік байқау мен журналистерге және құқыққорғаушыларға арналған әдебиет жарияланымдары
- 12 Журналистер мен құқыққорғаушыларға арналған әдебиет жарияланымдары
- 14 ЖОБАНЫҢ ҮЗДІК ЖУРНАЛИСТІК МАТЕРИАЛДАРЫ
- 14 Қазақстан
- 16 Қырғызстан
- 18 Тәжікстан
- 20 Өзбекстан
- 22 Түркіменстан
- 24 ТРЕНИНГТЕР
- 27 ЖАҢА МАҚАЛАЛАР
- 27 Қазақстан
- 30 Қырғызстан
- 34 Тәжікстан
- 36 Өзбекстан
- 38 Түркіменстан
- 42 ЖОБАМЕН ЖҰМЫС ЖАСАҒАҢДАР
- 43 «ЖОБА ТҰЛҒАЛАРЫНЫҢ» ГАЛЕРЕЯСЫ

**ЖОБА ЖАҢАЛЫҚТАРЫ**

**ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ ГЕНДЕРЛІК БЕЛСЕНДІЛЕРІ  
ОТБАСЫЛЫҚ КҮШ КӨРСЕТУДІҢ АЛДЫН-АЛУ  
БОЙЫНША ТӘЖІРИБЕ АЛМАСТЫ**

2011 жылдың 29-30 наурызында Душанбеде IWPR-дың «Орталық Азиядағы отбасындағы күш көрсету мәселесі. Алдын-алу механизмдері» атты аймақтық дөңгелек үстелі өтті. Екі күндік пікірталасқа аймақтың төрт елі – Тәжікстан, Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстанның өкілдері қатысты. Олардың арасында үкімет мүшелері, құқыққорғау орган қызметкерлері, парламент депутаттары, сульялар, қоғамдық және халықаралық ұйым өкілдері болды. Дөңгелек үстел Тәжікстан үкіметі жанындағы Әйелдер ісі бойынша комитетпен бірлесе отырып өткізілді. Аймақтық форматтың арқасында дөңгелек үстел сарапшыларға отбасылық күш көрсетуден жәбір көргендерді қорғауға арналған заңнамалық базаның жағдайы, дағдарыстық орталықтар мен құқыққорғау ҮЕҰ-ның соңғы бастамалары туралы ақпарат алмасып, осы бір сезімтал тақырыптың бүкіл Орталық Азия елдерінің бұқаралық ақпарат құралдарында көтерілуі проблемаларына тоқталуға мүмкіндік берді.

**МӘСЕЛЕНІҢ ЖАҒДАЙЫ**

Батыс сарапшыларының айтуынша, жыл сайын отбасылық күш көрсетуден 1,8 миллион әйел және, бір қызығы, 2 миллион еркек зардап шегеді екен. Шараға қатысушылар өз елдеріндегі жағдай туралы әңгімелеп берді. Ресми мәліметтерге сәйкес, Қырғызстанда адам өлтірген және адам өлтіруге тырысқаны үшін сотталған әйелдердің 87 пайызы жақын адамдарының тарапынан зорлық-зомбылық көрген деді Душанбеде жасаған мәлімдемесінде ҚР Жогорку Кенешінің бесінші шақырылымындағы депутаты Алтынай Омурбекова. «Соңғы жылдары ҚР бойынша дағдарыстық орталықтарға келетін адамдардың саны көбейді, олардың 60 пайызы отбасында күш көрсетуден зардап шеккендер. Қырғызстандағы әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың 80 пайызы отбасында жүреді», - деді Омурбекова. «Сезім» дағдарыстық орталығының директоры Бубусара Рыскулованың айтуынша, ҚР ПМ мәліметтеріне сәйкес, «отбасындағы зорлық-зомбылықтың салдарынан тек 2010 жылдың 10 айының ішінде 7 адам қаза тауып, қасақана денсаулыққа зиян келтірудің 10 және жеңіл түрде денсаулыққа зиян келтірудің 37 жағдайы тіркелген», - дейді.

«Мәселенің беймәлімділігі проблеманың ауқымын және тереңдігін түсінуге бөгет жасауда. Қазақстан Республикасындағы Адам

## ЖОБА ЖАҒАЛЫҚТАРЫ

құқықтары бойынша өкілдіктің мәліметтері бойынша, 2008 жылы дағдарыстық орталықтарға 21 679 қоңырау келіп түскен, олардың басым көпшілігі дене және психикалық күш көрсетуден зардап шеккендер», - деді «“Status” әйелдер федерациясы» ҚҰ-ның төрайымы, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Әйелдер ісі және отбасы-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның мүшесі Ирина Унжакова. Алайда әдетте аталған проблемаға бағытталған іс-шара дағдарыстық орталыққа соғылған қоңыраудан аспайды, нәтижесінде күш көрсету жалғасын табады. Унжакованың әріптесі, «Шығармашылық интеллектенция әйелдерінің лигасы» ҚҚ төрайымы Әсия Хайруллина Қазақстанда ерте үйлену мен жасөспірімдер жүктілігі мәселелерінің де өзекті екенін айтып өтті. Бухараның Медициналық құқықтық орталығы мониторинг бойынша тобының мәліметтері бойынша, 2009 жылы қалалық шұғыл медициналық көмегіне «жедел жәрдем» көлігімен 260 әйел келіп түскен. Осы орталықтың сарапшысы Вахид

Каримовтың айтуынша, «күш көрсетушінің жауапкершілікке тартылған кезі бірен-саран ғана. Құқыққорғау органдары қызметкерлері мен жәбір көргендерді қабылдап алған дәрігерлердің айтуынша, мұндай жағдайда негізінен «та-туласы механизмі» іске қосылып кетеді». Зерттеушілердің мәліметтері бойынша, Тәжікстанда сауалнамаға қатысқан ер адамдардың 47,1 пайызы әйелдің негізгі міндеті бала туу және үй шаруасына қарау деп санайды. Бұл туралы ТР ҰЕҰ Коалициясының төрайымы Татьяна Бозрикова. 2008 жылдың қаңтар және ақпан айларында Тәжікстанда әйелдер арасындағы суицидтің 240 оқиғасы тіркелген. Негізгі себеп отбасындағы күш көрсету болған. Отбасындағы әйелге қатысты шеттету негізінен ауылдық жерлерде орын алады және оған некеге отырудың заңсыз формалары себеп болады (көп әйелалушылық, алып қашу, ерте некеге отыру және діни дәстүр бойынша ғана некеге отыру). Сарапшылар кінәлі жазаланып, жәбір көруші қалпына келетін нормаларды заң жүзінде бекіту керек деп отыр.

## ЗАҢНАМАЛЫҚ БАЗА

Тәжікстан профилактикалық сипатқа ие және отбасылық күш көрсетуге қарсы күрес бойынша кешенді шараларды қамтитын «Отбасындағы зорлық-зомбылықтан қорғау туралы» заңды қабылдаудың алдында тұр. Бұрынғырақта IWPR Тәжікстанда осы заңды қабылдауға ұмтылған әйелдердің қоғамдық ұйымдарын қолдау бойынша кампания жүргізген еді. Алайда, Қырғызстаннан келген Бубусара Рыскулова аталған заңның әйелдер жағдайын жақсартатынын, алайда негізгі мәселені шеше алмайтынын айтты. Тәжікстандық

«Перспектива плюс» ҚҚ-ның төрайымы Ойнихол Бобоназарова бұл пікірмен келісіп отыр. «Біз тек заңның қабылдануы туралы ғана емес, одан әрі не болатыны жайлы да ойлану керек: аталған заңды жүзеге асыруда үздік нәтижелерге қол жеткізу үшін мұқият түрде механизмдерді ойластыру керек», - деді ол. Қатысушылар Тәжікстан Жоғарғы сотының өкілі Лариса Кабилова айтып өткен отбасылық судьяларды енгізу туралы тәжіктік бастаманың тәжірибелік құндылығын атап кетті.

## PUBLICITY

Бубусара Рыскулова дөңгелек үстелде Орталық Азия елдерінің арасында отбасылық күш көрсету мәселелері бойынша телекөпір өткізу туралы жаңа идеясын ұсынды. Оның сөзіне қарағанда, бұл айтарлықтай шығын әкелмейді және мемлекеттік шенеуніктерге аталған мәселеге назар аудартуға мүмкіндік береді. «Мемлекет басшылары арасында бәсекелестік бар, ал бұл телекөпір біздің билікті мәселені шешуге талпындырады деп сенеміз», - деді Рыскулова. Отырыс барысында алғашқысы наурыз айында Қырғызстанда ашылған әлеуметтік транзиттік үйлердің концепциясы ұсынылды. IWPR-дың Орталық Азия бойынша аймақтық редакторы Абахон Султонназаров «біз әйелдердің бас ауыртатын мәселесі болмауымыз керек, біз олардың мәселесін шешіп беруіміз қажет» деді және IWPR алдағы уақытта осы саладағы бастамалардың жүргізілуіне қолдау білдіретіндігін жеткізді.

Дөңгелек үстелге қатысушылар Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан және Түркіменстанның мемлекеттік органдарына, ҰЕҰ, мемлекеттік ұйымдар мен БАҚ-дарына арнап отбасылық зорлық-зомбылықтың алдын-алу бойынша конструктивті ұсыныстар әзірледі. Сонымен қатар, дөңгелек үстел аясында «Орталық Азия әйелдері. Отбасылық күш көрсету, миграция, кедейлік» тақырыбына фотокөрме өтті. Көрмеге арналып Орталық Азияның барлық елдерінен келегн фотосуретшілердің 46 жұмысы іріктеліп алынды. Олар Дэвид Трилинг, Рустам Юлдашев, Зарина Хушвакт, Валерий Калиев, Алмаз Калет және басқалар болды. Сонымен қатар, көрмеде жұрт халықты қоныстандыру саласындағы Қорының (UNFPA) және Қызық Жарты ай ұлттық қауымдастығының жобалары үшін түсірілген, RFE/RL, Stan-TV және IWPR-Central Asia-ның жеке мұрағатынан алынған суреттермен таныса алды.



# ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛДЕР



## ВИДЕО-КОНФЕРЕНЦИЯ ТҮРІНДЕ ӨТКЕН ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛДЕР

Бішкек. Шілде – желтоқсан, 2010 жыл

IWPR 2010 жылы Халықаралық бейбітшілік үшін Карнеги Қорымен (Carnegie Endowment for International Peace) бірлесе отырып видеоконференциялар өткізуді дәстүрге айналдырды. Видеоконференция Интернеттің және жаңа технологиялардың көмегімен әлемнің түкпір-түкпіріндегі сарапшыларды байланыстыруға мүмкіндік берді. Жалпы саны алты «Бішкек-Вашингтон» видеоконференциясы өтті. Олар Қырғызстандағы 2010 жылы болған саяси маңызы жоғары оқиғаларға арналды.

Мәселен, жаңа Конституцияны қабылдауға байланысты маусым референдумы қарсаңында биліктің ауысуынан кейін болған елдегі саяси жағдайды, 2010 жылдың қазанында өткен парламент сайлауын және Орталық Азиядағы парламентаризмнің жалпы жағдайын талқылаулар жүрді. Сонымен қатар Қырғызстандағы коалициялық блоктардың қалыптасу процесіне және Қырғызстанды сырттан күтіп тұрған бейсаяси, экономикалық және әлеуметтік қатынастардағы өзгерістерге сараптама жүргізілді. Видеоконференцияларға Қырғызстан тарапынан Қырғызстанның жаңа парламентінен орын алған барлық саяси партиялар мен парламенттік байқауға қатысқан партиялардың өкілдері («Ар-Намыс»,

неги Қоры) және Эрлан Абдылдаев (IWPR) болды.

«Видеоконференция – өте тиімді және қызықты пікір алмасу формасы. Қазіргі қалыптасқан саяси жағдайда вашингтондық әріптестерімізбен талқылау өте қанық жүрді. Біздің тараптан да, АҚШ тарапынан да өте мықты сарапшылар құрамы катысты. Мұндай конференцияларды тұрақты

Қырғыз Республикасының вице-премьер-министры Шамиль Атаханов:

*Мен IWPR-дың Вашингтондағы Карнеги Қорымен бірлесіп ұйымдастырған бінеше видеоконференциясына қатыстым, өте қызықт форма. IWPR, сонымен қатар, саяси, әлеуметтік, экономикалық және құқыққорғау тақырыптарына мақалалар жариялап тұрады. Бұл өте үлкен жұмыс. Институт мақалалары өзекті және дәлелденген фактілерге негізделген. Мен әсіресе біздің БАҚ-дарында сирек көтерілетін құқыққорғау тақырыбын атап өткім келеді.*



түрде, ай сайын өткізіп тұру керек деп санаймын», - деді саясат сарапшысы Марс Сариев. Бағыс сарапшыларының Қырғызстандағы жағдайда өзгеше қарап, түсінетінін және аталған шара оларға оқиғаның ішінде жүрген мамандардың көзқарасын жеткізетінін атап айту керек. Сондықтан, видеоконференция екі жаққа да тиімді әріптестік пен дұрыс шешімдер қабылдаудың алаңы болмақ. «Біз белгісіз болашақ ғана емес, тарих та өзгеріске ұшырайтын заманда өмір сүреміз. Мысалы, Қырғызстанның оңтүстігінде маусым айында болған оқиғалар кезінде, біз ақпараттық кеңістіктің қандай ықпалға ұшыраған көрдік. Осының кесірінен, халықаралық қауымдастық Қырғызстандағы жағдайды біржақты қабылдап отырды. Ал мұндай видеоконференциялар көп дүниеге объективті қарауға мүмкіндік береді», - деді Марс Сариев. Сарапшылар аталған форматты сарапшылардың өзара байланысқа шығуы үшін аймақ ішінде де, сондай-ақ әлемнің өзге жерлеріндегі мамандармен байланысу үшін, саяси, экономикалық және әлеуметтік сипаттағы мәселелерді талқылау үшін ыңғайлы екенін айтты.

Ишенбай Абдуразаков, қоғам қайраткері, дипломат, ҚР бұрынғы мемлекеттік хатшысы:

*Түрлі елдердегі сарапшылар арасында осындай байланыс неғұрлым жиі орнаған сайын және талқыланатын мәселелер де неғұрлым көп болған сайын, елдегі жағдайды саналы түрде түсіну де соғұрлым жақсы жүреді. Соғұрлым мемлекеттер арасындағы саяси қарым-қатынас та жақсарарды.*



«Ата-Журт», «Ата-Мекен», ҚСДП, «Республика», «Замандаш»), Орталық Азия бойынша үздік сарапшылар, саясаттанушылар қатысты. Ал АҚШ тарапынан Карнеги Қорының қызметкерлері, АҚШ Мемлекеттік департаментінің және түрлі зерттеу институттарының өкілдері қатысушы болды. Кездесуге модерация жүргізген Марта Брилл Олкотт (Кар-

Видеоконференциялар бір уақытта, достық ниетте, өзара әңгімеде көп мәселені шешіп тастауға жол ашады. IWPR аталған шараның негізгі тұстарын баспасөз баяны түріндегі нұсқасын және әр видеоконференцияның стенограммасын аймақтың мәселелеріне бей-жай қарап тұра алмайтын жандарға ұсына алады.



## ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ОРТА БІЛІМГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУДІҢ ПРОБЛЕМАЛАРЫ МЕН БОЛАШАҒЫ

Душанбе. 16-17 сәуір, 2010 жыл

Дөңгелек үстелді IWPR TP Білім министрлігінің және БҰҰ Балалар Қорының (UNICEF), Ашық Қоғам Институты – Тәжікстандағы Өзара әріптестік Қорының қолдауымен ұйымдастырды. Бұл білімнің ортақ және ұқсас мәселелерін талқылау үшін түрлі бағытта мамандарының басын қосқан аймақтық деңгейдегі алғашқы дөңгелек үстел болды. Аймақтық пікірталасқа Тәжікстан, Қырғызстан, Қазақстан және Өзбекстаннан келген 60 өкіл қатысты. Осы жылы Орталық Азияның көптеген елдері үшін білім жүйесіндегі реформалар, атап айтсақ, орта мектептің білімін 12 жылдық жүйеге көшіру мәселесі өзекті болды.

Гульжамал Султаналиева,  
«Доор эли» жетекшісі, ҚР  
Адам құқықтары бойына кеңес  
жетекшісінің міндетін атқарушы,  
ҚР Жогорку Кенештің IV  
шақырылымының депутаты:

*IWPR-дың бұл дөңгелек үстелінде мен түрлі өзекті мәселелерді, оның ішінде білімге деген қолжетімділік те бар, талқылау үшін Орталық Азияның Парламентаралық желісін құруды ұсындым. Аймақтағы заңшығарушы органдар арасындағы байланыстың жеткілікті түрде пайдаланылмайтыны айқын. Біз көршілес мемлекеттердегі балама мәселелердің шешу жолдарын ескере отырып, өз заң жобаларымызды алға жылжыта алар едік.*



«Бүгін көптеген республикалар білім саласындар реформалар жүргізуде. Тәжікстан да осы бағытта жұмыс жасауда, 2014 жылы біз 12 жылдық білім жүйесіне өтуді жоспарлап отырмыз», - деді Тәжікстан президенті Атқарушы комитетінің білім және ғылым бөлімінің меңгерушісі Хамидулло-хон Фақеров. Өз кезегінде, қазақ депутаты Мұрат Әбенев 2001 жылы-ақ Қазақстан 12 жылдық білім жүйесіне көшуге ниет танытқанын, алайда мәселенің іс жүзіндегі шешіміне көшпегенін айтты. «Біздің елде бұл жүйеге біртіндеп, кезең-кезеңімен өтуде. Бұл білім құрылымдарын аталған реформаға барынша жақсы дайындап, оның жүзеге асырылуын тиімді өткізу үшін қажет», - деді Қазақстан Мәжілісінің депутаты. Сонымен қатар, дөңгелек үстел барысында елдердің аталған реформаларды жүзеге асыруда түрлі деңгейде тұрғанын, алайда әрқайсысының өзіндік қиындықтары (кедейлік пен миграциядан бастап кең таралған бала еңбегін пайдалануға дейін) бар екенін айтылып өтті. Ал, аймақтың әр елінде балалардың белгілі бір саны уақытын мектептен тыс жерде өткізіп жатыр. Мәселен, Тәжікстанда жалпы оқушылар санының 2,5 %-ы мектепке бармайды, тура осы көрсеткіш Қазақстан мен Өзбекстанда 0,2 %. Қырғызстанда мектеп жасындағы 80 мың бала білім алмай отыр. Аймақ елдері үшін білім саласындағы тағы бір жалпы проблема – мектеп жасы-

на дейінгі балаларды қамту мәселесі. Өз кезегінде бұл мәселе білім саласының барлық деңгейіне әсер етпей қоймайды. Дөңгелек үстелге қатысушылар үкімет мүшелеріне, салалық мемлекеттік органдарға, ҰЕҰ, БАҚ және халықаралық ұйымдарға арналған жалпы ұсыныстарды әзірледі. Ұсыныстарқазіргі қиындықтарды ушықтырмау үшін, білім саласындағы қандай мәселелерді шешу керектігін қамтиды.

Мухаббатшо Рузадоров, Тәжікстан президентінің білім және заманауи технологиялар бойынша кеңесшісі:

*Орта білімге қол жеткізу мәселесін аймақтық дәрежеде, осындай жоғары деңгейде талқылаудың болмағанына көп болып еді. Өте өзекті дөңгелек үстел, себебі көтеріліп отырған мәселелер аймақ елдері үшін аса маңызды. Білімді үшінші мыңжылдықтың діні деп атасақ та болады, сондықтан біз осы мәселеге үлкен назар аударуымыз керек. Аймақтық білім жүйесін жасасақ жақсы болар еді, бұл бізге бір-бірімізді дұрыс түсініп, үйлесімді жұмыс жасауымыз үшін қажет. Осындай шаралар осы бағытта өте керек.*



## ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІНІҢ АРАСЫНДАҒЫ СУ ДАУЫНА АРНАЛҒАН ДИАЛОГ

Душанбе. 12 маусым 2009 жыл



Екі ірі өзен – Сырдария мен Амударияның суын пайдаланатын аймақ елдері арасында су дауын өршітіп алмау керек. «Орталық Азиядағы су-энергетикалық мәселелер: компромиске бару мүмкін бе?» тақырыбына өткен дөңгелек үстелге қатысушылардың пікірталасына осы ой негіз болды. Арасында суды пайдалану мен гидроэнергетика саласының жетекші мамандары, Орталық Азия елдерінің үкіметтік құрылымдарының, депутаттық корпусының өкілдері, Тәжікстанда тіркелген депутат-ра және БАҚ өкілдері бар 50-ден астам қатысушы аталған мәселенің түрлі аспектілерін талқылады. Өзбекстаннан осы елдің Тәжікстандағы елшілігінен келген өкіл қатысты. Дөңгелек үстелге қатысушылар трансшекаралық өзен елдерінің позициясы түйісер тұстарды анықтауға тырысты. Қарама-қайшы

пікірлердің өткірлігіне қарамастан, барлық қатысушылар су үшін елдер арасындағы қарым-қанытасты ушықтырмау керек және аталған жағдайдан шығу үшін компромисті жолдар іздеу қажет деген ойды бір ауыздан айтты. Маңызды рөл БАҚ-дарына да тиесілі деді олар. Аталған мәселе туралы ақпарат таратудағы масс-медияның алатын орнына дөңгелек үстелдің бөлек сессиясы арналды, ол жерде сарапшылар жарияланымдары кейде су дауын басудың орнына, ушықтырып жіберетін журналистерге бағытталған өз сындарын айта алды. Ал журналистер болса елдер арасындағы су-энергетика мәселелерінің ұңғыл-шұңғылына үніліп, мамандардың өз аузынан тақырыпқа қатысты жағдай туралы ести алды. Дөңгелек үстелдің ең бір жағымды тұсы, оның сарапшылар деңгейінде тараптар арасында тиімді байланыс орнатуы болды.

Парвиз Муллоджанов,  
тәжік саясаттанушысы

*Орталық Азия елдеріндегі су пайдалану мәселесі – аймақтағы ең күрделі проблемалардың бірі, ол көптеген дау шығарып, елдер арасында теріс пиғыл туғызуда. Және жыл сайын жағдай ушығуда. Маған IWPR ұсынған мәселені талқылау жолы ұнады. Аталған жағдайдың ұсақ-түйегін анықтаудың уақыты баяғыда келген болатын. Осы кезге дейін біз су-энергетика мәселелеріне қатысты біржақты пікір естіп келген болатымыз.*



## ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ҚҰҚЫҚҚОРҒАУШЫ ИНТЕРНЕТ-БАСТАМАЛАР МЕН ОНЛАЙН-ЖУРНАЛИСТИКА

Бішкек. 24-25 қараша 2009 жыл

Осы аттас аймақтық дөңгелек үстел 2009 жылдың аяғында Бішкек баспасөз орталығында өтті. Осы жылы Қазақстан Орталық Азия елдерінің ішінде бірінші болып интернет-ресурстарын ресми түрде БАҚ-дарына теңестірген болатын. Дөңгелек үстелге Қазақстан, қырғызстан, Өзбекстан және Тәжікстаннан келген медиамандар, құқыққорғаушылар, халықаралық ұйым қызметкерлері, салалық мемлекеттік құрылым қызметкерлері, парламентарийлер, журналистер және саясаттанушылар қатысты. Сарапшылар әр ел бойынша жеке-жеке Орталық Азия Интернетіндегі сөз бостандығы және құқыққорғау интернет-бастамалары мен азаматтық журналистиканың дамуы жайында талқылау жүргізді. Қоғамдық саясат институтының (КСИ) президенті Мұралбек Иманалиев (сол кезде), «Интернет қазіргі өмірдің жаңа әрі негізгі қасиеттерінің бірі. Интернет-қауымдастықтың пайда болуы және бірігуі, онлайн-журналистиканың дамуы арқылы да өркендейді». Орталық Азия бойынша IWPR аймақтық редакторы Абахон Султонназаров желідегі пайдаланушылар саны неғұрлым өскен сайын, Интернеттің қайталанбас ерекшелігі мемлекеттің және азаматтық қоғамның назарын соғұрлым өзіне аударады деді. Internet World Stats ([www.internetworldstats.com](http://www.internetworldstats.com)) ұйымының статистикалық мәліметтеріне сәйкес, 2009 жылдың қыркүйегіне Интернеттің Орта Азия елдеріне дендеп таралуы келесідей болған: Қазақстан – 14,9%, Қырғызстан – 15,6%, Тәжікстан – 8,2%, Түркіменстан – 1,5%. Өзбекстан бойынша ақпарат аталған ұйымда болмай шықты. «Сымсыз

журналистиканың дамуына құқықтық деңгейден шығармай қолдау білдіру» деп түсіндірді. Дөңгелек үстелде сарапшылар интернет-ресурстарға қойылатын шектеулерге, онлайн-журналистердің және блогшылардың қауіпсіздігіне баса назар аударды. Мәселен, шараға қатысушылардың бірі,

Өділ Жәлелов, MediaNet негізін қалаушы

*Орталық Азиядағы Интернет ақпараттық кеңістігіндегі ең бір тәуелсіз аймақ. Интернетті бақылау өз-өзін бақылау деңгейінен аспауы қажет. Ең тиімдісі – пайдаланушылардың контентті өздері бақылауы, ал заң қабылдау секілді репрессивті шаралар мазмұны мен мақсатына қарамастан барлық интернет-ресурстарға қауіп төндіреді.*



Артур Нығметов, «Azattyq» радиосының қоғаммен байланыс маманы

*Аймақтағы азаматтық журналистика дамуының алғашқы деңгейінде. Оның дамуы жалпы азаматтық қоғамның дамуына бікелей байланысты. Мемлекет пайдаланушылардың ғаламтордағы қауіпсіздігін қамтамасыз етуі керек, ал web-ресурстар ақпараттың тұрақтылығына кепіл болуы қажет.*

интернет үлкен қарқынмен дамуда. Интернет-провайдерлер бағаны төмендеткен сайын, желі пайдаланушыларның саны да арта түседі. Осы себепті мемлекеттің интернет-кеңістікке неліктен бақылау орнатқысы келетіндігі түсінікті болмақ», - деді Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстандық стратегиялық зерттеулер институтының әлеуметтік-экономикалық зерттеулер бөлімінің меңгерушісі Антон Морозов. ҚР ресми билігінің өкілдері интернет-ресурстарды БАҚ-на теңестіруді «интернет-

тәуелсіз өзбекстандық журналист Сергей Наумов қазіргі уақытта өз елінде «интернет-кафеден бастап «Узтелеком» компаниясының ең соңғы нүстесіне дейін көпдеңгейлі іріктеудің жүріп жатқандығын» айтты. Тәжікстандағы Интернеттің жағдайы ғаламтордың кеңінен таралмауымен, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласынң мамандарының жетіспеушілігімен байланысты болып отыр. Бұл жайында Тәжікстанның тәуелсіз БАҚ-дарының Ұлттық Ассоциациясының төрағасы Нуриддин Каршибоев айтты өтті. Оның айтуынша, онлайн-журналистиканың Тәжікстанда пайда болғанына үш-төрт жыл ғана болыпты, бүгінгі күні аталған бағыттағы журналистердің көпшілігі өз беттерінше үйренгендер. Сондықтан, Интернеттегі жұмыс ерекшеліктерін қатысты журналистерге арнап оқыту семинарларын өткізу керек дейді ол. Дөңгелек үстелге қатысушылар Орталық Азияда Интернеттің, блогтың және

микроблогтың барлық мүмкіндіктерін жете бағаламай отыр деген тоқтамға келді. Оған себеп, біріншіден, білімсіздік, екіншіден, аймақ елдері тұрғындарының көпшілігінің Интернетті эзіл-сауық, көңіл көтеретін орын деп қарастыруында. Бұл туралы, өз сөзінде «Азаттық Радиосының» редакторы әрі авторы, журналист Артур Нығметов айтты кетті. Ал Нуриддин Каршибоев: «Орталық Азия Интернеті дамудың бастапқы кезеңінде тұр. Кадрлық, техникалық, заңнамалық шешілмеген мәселелер әлі де жетерлік. Дәстүрлі БАҚ-дарына қатысты орынсыз

болып келетін кез келген цензура онлайн-басылымдарға да келмейді. Біз билік тарапынан бақылау орнамау үшін, өзіміз Интернетті бақылап үйренуіміз керек», - деді. Сонымен қатар, Интернеттің дамуы адам ресурстарына да тәуелді, сондықтан, заманауи интернет-технологияларды дамыту саласындағы халықтың білім деңгейін арттыру айтарлықтай маңызды. Дөңгелек үстел қорытындысы бойынша, негізгі ой аймақ елдерінің ақпараттық ресурстарының тиімділігін арттыруға қатысты шараларға келіп сайды.

# ЖУРНАЛИСТЕРГЕ АРНАЛҒАН БАҚ- ДАРЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚҚОРҒАУ МӘСЕЛЕСІ ЖАЙЛЫ ҮЗДІК АҚПАРАТ БЕРУ БАЙҚАУЫ

## ЖЕҢІМПАЗДАР

«Мерзімді баспасөз» номинациясы:

- 1 орын – Елена Воронина (Қырғызстан)
- 2 орын – Елена Братухина (Қазақстан)
- 3 орын – Рамзия Мирзобекова (Тәжікстан)

«Онлайн-БАҚ» номинациясы:

- 1 орын – Өзбекстандық өкіл
- 2 орын – Тилав Расулов (Тәжікстан)
- 3 орын – Бақыт Ибраимов (Қырғызстан)

Арнайы номинация, «Бала және әйел құқығы» –  
Абдуракиб Кадыров (Тәжікстан)

Арнайы номинация, «Азаптаулар, заңсыз тұтқындаулар және қамаулар» –  
Жасұлан Көжеков (Қазақстан)

Арнайы номинация, «Сөз бостандығы» – Сергей Расов (Қазақстан)

Арнайы номинация «Жүріп-тұру еркіндігі» – Дильбегим Мавлоний (Өзбекстан)

БҰҰ АҚЖКБ арнайы номинациясы «Жеткілікті баспана» –  
Валентина Касымбекова (Тәжікстан)

БҰҰ АҚЖКБ арнайы номинациясы «Жеткілікті баспана» –  
Асыл Осмоналиева (Қырғызстан)

БҰҰ АҚЖКБ арнайы номинациясы «Жеткілікті баспана» –  
Махамбет Әбжан (Қазақстан)

ТР-дағы АҚШ Елшілігінің арнайы номинациясы – Ирина Умарова (Тәжікстан)


ТР-дағы АҚШ Елшілігінің арнайы номинациясы –  
Фазлидин Ходжаев (Тәжікстан)

2010 жылдың 8 және 10 желтоқсанында Душанбе және Бішкекте журналистерге арналған Орта Азиялық «БАҚ-дарындағы құқықорғау мәселесі жайлы үздік ақпарат беру» байқауының Қырғызстан, Қазақстан, Өзбекстаннан келген жеңімпаздарын салтанатты түрде құттықтау рәсімдері өтті. Оларға қанатқа ұласа біткен қауырсын түріндегі ескерткіш, диплом және номинациясына байланысты 300 доллардан 1 000 долларға дейінгі көлемде ақшалай сыйлық табыс етілді. Байқау жайында 2009 жылы жарияланған болатын. Сол кезден бері IWPR-ға аймақтың төрт елінде тұратын мемлекеттік және жекеменшік БАҚ-дарында жұмыс істейтін журналистер мен фрилансерлерден жүзден астам өтініш келіп

түсті. Жеті адамнан тұратын әділқазылар алқасының құрамына өз елдерінде ғана емес, шет елдерде де танымал Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстаннан келген құқықорғаушылар, журналистер және заңгерлер кірді: Вячеслав Абрамов, Андрей Гришин, Сардар Багишбеков, Шамарал Майчиев, Ойнихол Бобоназарова, Шахло Ақобирова, Хақимжан Хусанов. Өзбекстандық өкіл Хақимжан Хусанов жекелеген номинациялар бойынша үздік мақалаларды анықтау барысында әділқазылар мүшелерінің арасында қызу пікірталас болғанын айтты. «Бірінші біз жеке-жеке бағаладық, кейін жеңімпазды анықтау үшін басымдыды қостық (Skuresconference көмегімен)», - деді ол. Сарапшылар мұндай байқаулар



кәсіби стандарттарды арттырып ғана қоймай, құқыққорғау тақырыбын көтеруге де қолдау болатынын атап кетті. Қатысушылар аталған тақырып бойынша материал әзірлеуде қиындықтарға кезігетінін, мәселелен, биліктен ақпарат алу талпыныстары журналисті сотқа жеткізуі мүмкін екен жеткізді. Құқыққорғау журналистикасының қандай кедергілерге тап қылатынын жеке басы арқылы білетін, «Мерзімді баспасөз» категориясында үшінші орынға қол жеткізген тәжікстандық Рамзия Мирзобекова халықтың құқықтық білімін арттыру, «әзірге адам құқығының бұзылғанына көз жұма қарап отырған» мемлекеттік құқыққорғау органдарының жауапкершілігін арттырады деп санайды. Қазақстаннан келген Азат Еуропа Радиосы/Азаттық Радиосының журналисті, «Азаптаулар және заңсыз тұтқындаулар» арнайы номинациясы бойынша жеңіске жеткен Жасұлан Көжеков ұзақ уақыт бойы мұнай бизнесі тақырыбына жазғанын, алайда



құқыққорғау тақырыбына қалам тартып келгелі бері, осы бағыттан ауытқымайтынын айтты. «Бұл тек менің ғана емес, мен жазып жүрген барлық балалардың жеңісі», - деді «Мерзімді баспасөз» номинациясын-

да жеңген қырғызстандық журналист және құқыққорғаушы Елена Воронина. «Бұл шара біз үшін нағыз мерек болды», - деді тәжік журналисті Валентина Касымбекова. Ол Душанбеде болған журналистік байқаудың жеңімпаздарын марапаттау рәсіміне Тәжікстан парламенті мүшелерінің, шенеуніктердің, жергілікті ҰЕҰ мен халықаралық ұйымдардың өкілдерінің келгеніне ризашылығын білдірді.

БҰҰ АҚЖКБ-ның Орталық Азия бойынша аймақтық өкілі Фиона Фрейзер аталған байқаудың жақсы бастама екенін айтып, IWPR-ға шараны ұйымдастырғаны үшін алғысын жеткізді. Ол, сонымен қатар, БҰҰ АҚЖКБ егер аталған бастама келесі жылы жалғасын тауып жатса, өздерінің арнайы номинациясын белгілейтіндіктерін жеткізді. Байқау БҰҰ-ның Адам құқықтары бойынша Жоғарғы комиссарының Басқармасының Аймақтық бөлімімен (UNCHR) және Тәжікстан Республикасындағы АҚШ Елшілігімен бірлесе отырып өткізілді.

## ЖУРНАЛИСТЕР МЕН ҚҰҚЫҚҚОРҒАУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ӘДЕБИЕТ ЖАРИЯЛАНЫМДАРЫ

2010 жылдың 13, 15 және 26 қазанында Алматыда, Душанбеде және Бішкекте Соғыс және бейбітшілікті жариялау жөніндегі институтының (IWPR) журналистер мен құқыққорғаушыларға арналған жаңа кітаптарының тұсауы кесілді. БАҚ пен ҰЕҰ арасындағы қарым-қатынасты жақсартуға, құқыққорғаушыларға масс-медиамен жұмысты жандандыруға, ал журналистерге құқыққорғау тақырыбы туралы кәсіби жарияланымдар жазуға бағытталған кеңестерден тұратын «Тиімді коммуникациялар» және «Адам құқығы туралы жазу» әдістемелік кітаптары ел назарына ұсынылды. Сонымен қатар осы жылы Институт сарапшылар халықаралық журналистика стандарттары бойынша үздік тәжірибелік нұсқаулық болып танылған, бұрынырақта орыс және ағылшын тілдерінде жарық көрген «Өзгерістер жолындағы репортаждар» кітабын жергілікті тілдерге аударған болатын. Сонымен қатар, орыс тілінде Институттың радиожурналистика бойынша нұсқаулығы да жарық көрді.

Презентация кезінде аталған басылымдар Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстанның жергілікті ЖОО-дарының журналистика факультеттеріне, кафедраларына, аймақтың ҰЕҰ мен медиа ұйымдарына сыйға таратылды. Кітап авторлары өз елдерінде ғана емес, шет елдерде де танымал Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан және Түркіменстаннан келген құқыққорғаушылар мен журналистер, сонымен қатар IWPR қызметкерлері болды. ҚР Білім және ғылым министрінің орынбасары Гулжигит Соронкулов аталған жарияланымдардың білім беру саласындағы маңызының жоғары екендігін атап айтты. Қырғыз-Ресей Славян Университетінің (ҚРСУ) халықаралық журналистика кафедрасының меңгерушісі Александр Кацев «тоталитарлық кезеңнен кейінгі толеранттылыққа деген құқықты бекітеді» деді, себебі оның ойынша «неғұрлым осындай кітаптар көбірек жарық көріп, студенттердің санасына енген сайын, соғұрлым қоғамдағы толеранттылық деңгейіде өсе түседі». «Әділ сөз» қазақстандық

журналистердің құқығын қорғау ұйымының өкілі Софья Лапина «аталған құрал жас журналистердің құқыққорғау тақырыбына деген қызығушылығын оятып, ақпараттар легінде жол табуға көмектеседі» деді. «Азия-Плюс» атқарушы директоры, радиожурналистерге арналған



Гүлнәр Асанбаева, KIMEP Журналистика департаментінің аға оқытушысы:

*IWPR-дың жаңалықтар мен репортаждар енгізілген «Өзгерістер жолындағы репортаждар» нұсқаулығы ҚМЭБИ студенттері үшін жақсы ресурс болып отыр. Біздің студенттер Алматыдағы IWPR Өкілдігінде тәжірибеден өту мүмкіндіктерін іздестіріп жүреді. Өзіміздегі курстардың аясында біз IWPR редакторларын тұрақты түрде университетте өтетін практикалық сабақтарға шақырып тұрамыз.*

әдістемелік құралдың авторларының бірі» Зебо Таджибаева авторлардың негізгі жұмысы жеке білімдері мен сараптамалық радиорепортаждар жасаудағы журналистер мен редакторлардың тәжірибесіне сүйенуге негізделді дейді. «Соңғы жылдары Тәжікстанда өзге елдер секілді радиорепортаждың аналитикалық сюжет секілді жанры жоғала бастады. Ал ол тыңдаушыларға ақпарат

жеткізудің ең қызықты жолы. Сондықтан дәл осы жанр радиожоба мен аталған әдістемеліктің негізі болды», - дейді ол. Құқыққорғау ҰЕҰ-дарына арналған тұңғыш рет жарық көрген әдістемелік туралы айта келе, танымал құқыққорғаушы, «Нота бене» ҚҰ-ның жетекшісі Нигина

Бахриева: «Тұңғыш рет бір кітапқа қоғаммен байланысты қалай орнату туралы тәжірибелік кеңестер мен теориялық ережелер топтастырылып отыр», - деді.

IWPR кітабының презентациясы журналистердің,

мемлекеттік құрылым, медиақауымдастық, азаматтық сектор, ЖОО, халықаралық ұйымдардың және аймақ елдеріндегі дипломатиялық миссия өкілдерінің назарын аударды. Институттың мемлекеттік кеңселері қызығушылық танытқан ұйымдардан және жеке тұлғалардан аталған басылымдарды тегін алуға қатысты өтініштерін қабылдайды.



Додарбек Сайдалиев, Халықаралық қатынастар бойынша Куляб Мемлекеттік университетінің проректоры

*Біздің университеттегі журналистика кафедрасының құрылғанына екі жыл болды, алайда әлі күнге оқытушылар мен оқыту-әдістемелік әдебиеттің жетіспеушілігін сезінудеміз. IWPR кітаптары біз үшін көмек болды. Тәжікстан үшін тәжірибелік кеңестерге негізделген мұндай кәсіби материалдың жарық көруі уақтылы болып отыр.*

Аскар Ақталов, Қырғыз-Ресей Славян Университетінің (ҚРСУ) 3 курс студенті, Kloop.kg тілшісі

*Теорияның керек ауқымы, сарапшылар мен журналистердің кеңестері мен тәжірибесі берілген қажетті және пайдалы кітап, артық ештеңесі жоқ. Ақпарат дәл қазір біздің елдегі жағдай кезінде қолдануға өте ыңғайлы.*



## IWPR КІТАПТАРЫН СЫЙҒА ТАРТҚАН УНИВЕРСИТЕТТЕР ТІЗІМІ:

Тәжік Мемлекеттік ұлттық университеті;  
Ресей-Тәжік (славян) университеті;  
Хорог Мемлекеттік университеті;  
Қорғантөбе Мемлекеттік университеті;  
Худжант Мемлекеттік Университеті;  
Б.Н. Ельцин атындағы Қырғыз-Ресей (Славян) Университеті;  
Орталық Азиядағы Американ Университеті (ОААУ);  
Ж.Баласағын атындағы Қырғыз Ұлттық Университеті;  
И.Раззаков атындағы Қырғыз Техникалық Университеті;  
«Манас» Қырғыз-Түрік университеті;  
И. Арабаев атындағы Қырғыз Мемлекеттік педагогикалық университеті;  
К.Тыныстанов атындағы Ыстықкөл Мемлекеттік университеті;  
Ош Мемлекеттік Университеті;  
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті;  
Халықаралық бизнес университеті (UIB).

ҮЗДІК ЖУРНАЛИСТІК МАТЕРИАЛДАР

# ҚАЗАҚСТАН



## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АФРИКАНДЫҚТАР ӨМІР СҮРУ ҚҰҚЫҒЫ ҮШІН КҮРЕСУДЕ

*22 наурыз 2010 жыл*

Қазақстан тәуелсіздік алған соң книверситеттегі оқуларын бітірген 200-ге жуық африкандық осы елде қалған. Олардың аталған мемлекетте ұзақ уақыт бойы тұрып келе жатқандарына қарамастан, көпшілігі нақты заңды статуска қол жеткізе алмай жүр. Андрей Гришин жарияланымның кейіпкері Треоре 2004 жылы өсір сүру құқығы туралы қағазды алған алайда содан бері құжаттың мерзімін ұзартуға байланысты қиындықтарға кезігіп келеді. Треоре және өзге де сұралғандар өздерінің тізімде жоқ құжаттардың талап етілуі арқылы заңсыз шеттегілетінін айтып, шағымданған. Адам

құқытары мен заңдылықты сақтау жөніндегі қазақстандық халықаралық бюроның заңгері Виктория Тюленованың айтуынша, африкандықтардың басына түсіп отырған күй – барлық иммигранттарға тән құбылыс. Қазақстанда 300 мыңнан бір миллионға дейін аралықта иммигранттар өмір сүреді, олардың көпшілігі – көршілес Қырғызстан, Өзбекстан және Тәжікстаннан келетін маусымдық жұмысшылар. Мигранттардың құқықтарының бұзылып жататын тағы бір себебі, олардың сол құқықтары жайлы білмеуімен де тікелей байланысты, - дейді құқыққорғаушы.

KAZAKHSTAN

Эдуард Полетаев,  
қазақстандық саяаттанушы

IWPR Қазақстандағы құқыққорғау аналитикасы мен халықаралық қауымдастық назарына ағылшын тілінде комментариялар ұсынатын саны аз журналистік коллективтердің бірі. IWPR бұрыннан-ақ жас журналистерді тиімді түрде оқытып келеді. Мен IWPR авторының қазақстандық журналистиканың беделді өкіліне айналғанының талай рет куәсі болдым.



Александр Егорченко,  
«Дракар» баспа үйінің  
директоры, «Рынок ценных бумаг  
Казахстана» және «Личные  
деньги» журналдарының бас  
редакторы:

Мен IWPR мақалаларын сайттың тұрақты түрде оқып тұрамын және барлық қазақстандық БАҚ-дарында басыла бермейтін фактілер мен оқиғалар туралы ақпарат ала аламын. Маған IWPR-дың жалпы мәлімет бергенде, әсіресе адам құқығы туралы ақпарат тартқанда қолданатын жан-жақты, жүйелі әдісі ұнайды. Біздің қоғамға азаматтар өздерінің құқықтары мен мемлекеттің демократиялық ұстанымдары жайлы толығырақ білуі үшін осы сипатты ақпарат керек.



## «ҚҰЛ ҰСТАУ СӘНГЕ АЙНАЛЫП КЕЛЕДІ» АРНАЙЫ РЕПОРТАЖЫ

4 желтоқсан 2009 жыл

Қазақстанның шығысындағы ауылдардың бірінде ҰҚКБ қызметкерлері құлдықта жүрген төрт адамды табады. Мұндай жағдай аталған аймақта бұрын да тіркелген болатын және сарапшылардың айтуынша, соңғы мысал емес. Қазақстандағы құлдықтың негізгі себептерінің бірі – ауылдардағы жұмыс күшінің жетіспеушілігі. Кеңес одағы кезінде сауыншы, шопан, малға қараушы мамандықтарына оқытатын. Бұл аталған жұмыстарға деген қызығушылықты оятушы еді. Ал қазір жастар ақшасы жеңіл, қиынды жоқ қызметке қол жеткізгілері келеді. Ал сауыншылар мен шопандардың орнын қаладан күштеп әкелінген қаңғыбастар басқан. Мақала авторы Яна Герасимоваға күтпеген жерден құлдыққа түсіп қалған 50 жастағы Қадырәлімен сөйлесудің сәті түскен. Кәсіби тас қашаушы, Семей қаласының құрылыс нысандарының бірінде жұмыс істейтін оныүсіз адам деп түсініп, күштеп ауылдық жерге әкетілген. Онда өзі секілді үш адаммен ұзақ уақыт бойы жеке шаруашылықта тынбай жұмыс істеген. Бұл іс бойынша Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 128 бабына сәйкес сот өтеді.



## ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІГІНДЕГІ БАЛАЛАРДЫ МАҚТА ЖИНАУҒА КҮШТЕП ЖЕГУДЕ

26 қараша 2009 жыл

Соңғы жылдары мақта плантацияларының иелері жұмысқа көршілес Өзбекстаннан келген ересек еңбек мигранттарын ала бастады. Сонымен қатар, жұмысқа кемелетке толмағандар да жегілуде, оларға үлкендерге арналған жалақының үштен бірі ғана беріледі. Тағы бір сорақысы, жергілікті билік пен мектептер қазақстандық балаларды алқаптардағы жұмысқа күштеп салуда. Бұл туралы өз материалында Олеся Лысенко жазады. Жергілікті фермерлер: «Үлкен шаруашылықтар «үлкен» адамдардың қарамағында, сондықтан аудандық немесе облыстық әкімшіліктерде туыстар табылмай қоймайды» дейді. Олардың пікірінше, фермерлер мен жергілікті билік органдарындағы жекелеген тұлғалардың арасындағы байланыс мектеп оқушыларын плантацияларға шығарып, жұмысқа жегуге мүмкіндік береді. Ал жасөспірімдердің өздері жұмыстан бас тартсаң, жаман баға қоямыз деп қорқытқандарын айтады. Осы жағдайға қатысы бар, оқушылар «емтихан тапсырып, баға алатын» мұғалімдердің іс-әрекеті балалардың құқығын бұзуда дейді. Оңтүстік Қазақстан облысы прокуратурасының баспасөз хатшысы Тамара Өтелбаева.



ҮЗДІК ЖУРНАЛИСТІК МАТЕРИАЛДАР

# ҚЫРҒЫЗСТАН



## «ҚЫРҒЫЗСТАННЫҢ ОҢТҮСТІГІНДЕГІ ЖАҒДАЙДЫҢ САЛДАРЫ» АРАНЫҢ РЕПОРТАЖЫ

*14 шілде 2010 жыл*

Қырғызстанның оңтүстігіндегі ұлтаралық даудан кейін бір ай өткен соң, IWPR мақсаты маусымда болған тәртіпсіздік қуәгерлеріне қаза тапқан адамдар мен кирандылар туралы құрғақ статистиканың артында адам тағдыры тұрғанын көрсету болған көлемді материалды жариялады. IWPR тілшілері ел оңтүстігінің, Ош және Жалал-Абад қалаларының қандай аймақтары ең көп зардап шеккенін және қаза тапқандар мен босқындар жайлы ресми статистиканың шындыққа қаншалықты сай екендігін анықтаудың сәті түсті. Материалмен ел астанасы мен оңтүстіктегі бір топ журна-

листер жұмыс істеді, олар аналитикалық репортаж адындау үшін бір-біріне қолдау көрсетіп, білдіріп отырды. Көп жағдайда сұрғалған адамдарды үгіттеп, көндіруге тура келді, себебі көп адамдардың жүрегі шайлығып қалған екен. Мақала жазылып жатқан тұста, елдің оңтүстігіндегі өмір қалпына келе бастаған болатын, алайда адамдар әлі де болса ширығып жүрді. Олар қиын күн туа қалса қажет болар деп, күнкөріске қажетті дүниелерді жинап, аудандарға қарайтын күзет топтарын құруды тоқтатқан жоқ. Болған оқиғаны бір күнде ұмыту қиын.

## ҚЫРҒЫЗСТАН

Кубат Оторбаев,  
Қырғызстан  
телерадиотаратушылар  
корпорациясының жетекшісі

IWPR мақалалары – қандай да бір оқиғаға, оның себептері мен салдарларына жасалған терең сараптама. Институт журналистері біздің қоғам үшін өзекті тақырыптарды алады. IWPR-5а –3 жарияланымдарын бұдан да кеңірек аудиторияға тарату жағын ойластырғаны жөн.



Айзатбек Бешов,  
Бішкектегі BBC Орыс  
қызметінің тілшісі

Менің ойымша, IWPR репортаждары 2010 жылы болған даулы оқиғалар кезінде (сәуір оқиғалары мен ҚР оңтүстігіндегі жағдай) жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары үшін үлгі боларлықтай. Мен IWPR журналистері «жағдайдан алшақтап», кәсіби, бейтарап түрде өз жұмыстарын жасай алды деп санаймын.



## «ҚЫРҒЫЗСТАН ЖУРНАЛИСТИКАСЫ АҚІ ЖАҒЫНАН АЛЫП ҚАРАСАҢ ДА ҚЫСЫМ КӨРІП ОТЫР» АРНАЙЫ РЕПОРТАЖЫ

3 наурыз 2010 жыл

Анар Юсупованың Қырғызстандағы БАҚ жағдайы мен журналистерге жасалған шабуылдар жайындағы арнайы репортажы оқырмандар тарапынан үлкен қызығушылық тудырды. Мақалада 2009-2010 жылдары қырғызстандық журналистерге қатысты екі өлімнің тіркелгені жайлы айтылады. Ол: Алматы қаласында қатігездікпен өлтірілген бішкектік журналист Геннадий Павлюк пен Ноокат қаласынан шыққан, сегіз милиционерден таяқ жеп, алынған соққыдан қаза болған Алмаз Ташиев еді. Сонымен қатар, 2009-2010 жылдары жергілікті астаналық және аймақтық басылымдардың да, ресейлік БАҚ-дарының да тарапына шабуылдар мен қорқытып-үркітулер легі жауған. Мәселен, «Ош шамы» Ош газетіне оқ гильзасымен бірге хат келеді. Мақалада, бұдан бөлек, 2008-2009 жылдары жабылған бірқатар оппозициялық газеттермен қатар аталған жағдайдың бір кездері аймақтағы ең либералды ел деп аталған Қырғызстанның медиаклиматына және мемлекеттегі БАҚ-дарындағы өз-өзіне деген цензураның өсуіне әсер ететіні жайлы айтылады. Мұның бәрі республиканың қатардағы азаматтары тұтынатын ақпараттың сапасына кері әсерін тигізеді.



## «ҚЫРҒЫЗСТАН БИЛІГІ ЖЕРДІ ӨЗ БЕТІНШЕ БАСЫП АЛҒЫСЫ КЕЛЕТІНДЕРГЕ ҚАРСЫ КҮРЕСУГЕ ТЫРЫСУДА»

25 қараша 2010 жыл

Қырғызстан билігі я жерді өзі бетімен басып алғандардың жетегінде кетіп, я уақытты созу арқылы аталған жанжарға қатысты нақты шаралар қолданбай отыр. Сабина Рейнгольд пен Исомидин Ахмеджанов өздерінің репортажында жерді өз бетімен басып алғандарға қатысты екі жағдайды көтерген: 2005 жылы Бішкек маңында бой көтерген жаңа «Ақжар» құрылысы мен Ош қаласының маңынан жер басып алуға әрекеттенген қарасулықтар жайлы болды. Үш мың адам тұратын «Ақжарда» газ бен жарық жоқ. Ал Ош оқиғасына меншік құқығының қатысы бар, себебі заңсыз басып алынған жерлердің арасында фермерлік шаруашылықтар мен мемлекетке жататын аумақтар да бар. Бұл – тұрғындардың жақсы өмір іздеу жолында ірі қалаларға ұмтылып жатқан Қырғызстанды қамтып отырған заңсыз басып алу әрекеттерінің үшінші толқыны. Және бұл толқындар биліктің ауысуына тап келіп отыр, аталған жағдай 80-жылдардың басында, 2005 және 2010 жылдары орын алды. Мемлекет мұндай кезде нақты не істееу керектігін анықтамаған сияқты.

ҮЗДІК ЖУРНАЛИСТІК МАТЕРИАЛДАР

# ТӘЖІКСТАН



## ТӘЖІКСТАНДАҒЫ ОТБАСЫНДАҒЫ КҮШ КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ ЗАҢ ЖОБАСЫ ТОҚТАП ҚАЛДЫ

*16 қазан 2010 жыл*

Манижа Курбанованың жарияланамы Тәжікстандағы әйелдер ҮЕҰ-дарының он жыл бойы отбасындағы күш көрсету туралы заң жобасын дамыта алмай жүргендігі жайлы айтылады. Мақала осы бір маңызды заң жобасының дамуына жаңа кезеңге өтуіне жол ашты. Гендерлік белсенділерді Тәжікстандағы сұралған ер адамдардың 47,1%-ның әйелдерді тек бала тууы және жақсы үй шаруасындағы адам болуы керек деп түсінетіні алаңдатады. Бұл үйдегі зорлық-зомбылықтың себептерінің бірі. Аталған жағдай соңғы кезде көптеген мигранттардың әйелдерімен ажырасып, оларға ештеңе қалдырмайтынына

байланысты ушығып кетті. 2008 жылдың қаңтары мен қыркүйегі аралығында әйелдердің арасында 240 суицид тіркелген және олардың негізгі бөлігі жазасыз отбасылық күш көрсетуге байланысты болған. Осы мақала жарияланып, елдің барлық аймақтарында ҮЕҰ өкілдері дөңгелек үстелдер ұйымдастырған соң заңның қабылдануына біртабан жақын қалғандай болды. Парламентте құрамына әйелдер ҮЕҰ мүшелері кірген жұмыс тобы құрылды. Белсенділердің сөзіне қарағанда, отбасындағы зорлық-зомбылық мәселесі туралы заң 2011 жылы қабылдануы тиіс.

ТӘЖІКСТАН

## ГУАНТАНАМО ТҮРМЕСІНІҢ ЕКІ БҰРЫНҒЫ ТҮТҚЫНЫНЫҢ ІСІН ҚАЙТА ҚАРАУҒА ШАҚЫРУ

23 маусым 2010 жыл

Мақала 2010 жылы Тәжікстанда ең көп оқылған жарияланым болды, қоғамның назарын өзіне аударды. Ол бір емес әлденеше рет жергілікті және интернет-басылымдарға қайта басылып шықты. Тәжікстанның екі азаматы тыйым салынған экстремистік топтармен байланысы бар деген айыппен бірнеше жылды АҚШ-тағы Гуантанамо түрмесінде өткізеді. Олар Тәжікстанға қай та жіберілген соң, отанында 17 жылға бас бостандығынан айрылады. Сот өкілдері айыптаушы жақтың дәлелдерінің жеткілікті болғанын айтса, айыпталушылардың қорғаушылары бұл екі жігіт адам саудасының құрбаны болды және олардың өз еркімен жоғарыда аталған тпқа кіруі туралы тіпті сөз де болмауы керек деп санайды. Біраз уақыт өткен соң екі айыпталушының ісі жоғарғы инстанция сотында қарастырылады деген үміт пайда болды.

Мақала авторлары Дабири Кабир, Далер Гуфронов, Парвина Хамидова әріптестері мен тәуелсіз сарапшылар тарапынан жақсы баға алды. Олардың сәтті материал жасауына ерекше ракурстан қарау мен әділ сот жүйесіне сараптама жасау көмектесті.



## ТӘЖІКСТАНДАҒЫ МҮГЕДЕКТЕР ТУРАЛЫ ЖЕТІЛДІРІЛМЕГЕН ЗАҢНАМА

25 тамыз 2010 жыл

Автор Давлат Шоэхтибор жұмыс істегісі келетін және істей алатын, алайда «жұмыс істеуге жарамсыз» деген анықтамасы қандай да бір қызметке орналасуға мүмкіндік бермейтін адамдар туралы мақаласы жарқы көрісімен, өзіне Ирана атты әріптес-журналист хабарласқанын айтады. «Маған мақаланы Интернеттен оқығанын және оның талқыланып жатқанын айтты. Олар менің материалымды негіз етіп ала отырып, Тәжікстандағы мүгедектердің жұмысқа орналасудағы кезігетін қиындықтарын жайлы сюжет жасаған», - дейді Шоэхтибор. Мақалада көтерілген мәселені жергілікті журналистер де іліп әкеткен. Оған мысал ретінде үкіметтік ақпараттық «Ховар» агенттігінде жарық көрген «Мүгедектердің жұмыс істеуге құқығы бар» атты мақаланы келтірсе болады. Үкімет шенеуніктері матриелдағы сынның орынды айтылып отырғанын жеткізіп, заңнаманы осы бағытта жетілдіру жұмыстарын бастап кеткенін мәлімдеді. Тәжікстанның Еңбек және халықты әлеуметтік тұрғыдан қамтамасыздандыру министрлігінің жанындағы Әлеуметтік қорғаныс, халықты еңбекпен қамтамасыздандыру және миграция жөніндегі мемлекеттік агенттіктің еңбек нарығы басқармасының бастығы Ниёз Курбонов өз ведомствосының жаңа заңмен жұмыс жасап жатқанын және ол заңның барлық үш топтағы мүгедектерге жұмыс істеуге мүмкіндік беретінін айтты.

Гульджахон Бобосадыкова, Гендерлік қозғалыстың белсендісі, «Университеттік білімі бар әйелдер» ҰЕҰ жетекшісі

IWPR-дың отбасындағы зорлық-зомбылық мәселесі туралы заң жобасына қтысыз мақаласының арқасына аймақтарда тұратын көптеген адам аталған заңды қолдауға бағытталған ҰЕҰ кампаниясы жайында білді. Біздің үндеуімізді көпшілік естіді, ендігі жерде біз заң жақын арада қабылданады деп толық сеніммен айта аламыз.



Хуриед Ниёзов, «Фараж» газетінің бас редакторы

Біз IWPR-дың Гуантанамо туралы мақаласын жариялаған соң, редакциямызға соғылған қоңырау мен оқырмандарымыздың пікірінің астында қалдық. Мақала өте жоғары деңгейде жазылған. Бізге оқырмандар келіп, мақала авторларына рахметін айту үшін таныстырыңыздаршы деп өтініп жатты.





## ҮЗДІК ЖУРНАЛИСТІК МАТЕРИАЛДАР

# ӨЗБЕКСТАН



Елена Урлаева,  
Ташкенттегі Өзбекстанның  
Құқыққорғау Альянсының  
жетекшісі

Сіздерге жасап жатқан жұмыстарыңыз үшін үлкен рахмет. Сіздердің мақалаларыңыздан мен жалпы Өзбекстанда не болып жатқаны жайында біліп отырамын. Мен егер Сіздермен ақпаратыммен бөліссем, басқа БАҚ-дары сияқты өзгертпейтіндеріңізге сенімдімін. Сіздердің құқыққорғау тақырыбына назар аударатындарыңыз, бізге үлкен көмек. Бұл Өзбекстандағы азаматтық қоғамның дамуына қолдау.



## ӨЗБЕКСТАНДАҒЫ ҚҰПИЯ СОТ ПРОЦЕСТЕРІ

3 наурыз 2010 жыл

Ақпан айының соңында Ташкенттің маңайындағы Шыршық қылмыстық істер бойынша аудандық сотында конституциялық біртұтастыққа қауіп төндірді, экстремистік ұйымдарға қатысы болды және «ұлтаралық, дінаралық жанжал тудырды» деп айыпталған он бес адамның үстінен өткен құпия соттардың бірі аяқталды. Аталған айыптаулар бойынша ҚҚ баптары 15 жылдан 20 жылға дейінгі бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны қарастырады. Бұл сот – қатысуға ешкімге рұқсат бермейтін, Өзбекстанның түрлі облыстарында құпия деген белгімен өткен процестердің бірі. Құқыққорғаушылар билік қамауға алынғандардың құқығының

бұзылғандығы, олардың азапталғаны жайында ақпарат жария болмас үшін жабық есік түріндегі сот жүргізілуде деп санайды. Ал ішкі істер органдарының қызметкерлері болса: «Бізді діни экстремистік бағытты ұстанатын ұйымдар жоқ деп айту ақылға сыймайды. Олар елге қауіп төндіріп отыр және өздерін жасыра біледі», - дейді. Алайда құқыққорғаушылар басқа пікірде. Мәселен, «Эзгулик» құқыққорғау қауымдастығының өкілі Васила Иноятова өз ұйымының Шыршықтағы аталған іс бойынша айыпталып жатқандардың туыстарынан 50-ге жуық хат алғанын айтады. «Азаптап, күштеп олардың істемеген қылмысы үшін мойындатулары мүмкін», - дейді ол.

## ӨЗБЕКСТАН

Надежда Атаева,  
Францияда орналасқан  
«Орталық Азиядағы адам  
құқығы» ассоциациясының  
жетекшісі

Өзбекстанда болып жатқан оқиғалар сирек талқыланады. Алайда оқырмандарға сарапшылардың айтқан пікірлеріне жауапты тұлғалардың қайтарған жауабы, адам құқығына байланысты қандай шешімдер қабылдануда деген секілді мәселелер қызықты. Мен IWPR-ға оқырмандар мен сарапшыларды назарға алатындары үшін алғыс айтқым келеді. Қауіпсіздік мақсатында аттарын атауды жөн көрмейтін менің әріптестерім біледі, IWPR қызметкерлері өз ақпарат көздерінің құпиялығына қандай қиындық болмасын жауапты қарайды.



Алина Сагинбаева,  
CA-News агенттігінің  
директоры


Бізге Өзбекстан мен Түркіменстаннан шолу және сараптамалық мақалалар алу қиын. Біздің журналистер өз аттарын жазуға қорқады, ал кейбірі тіпті сараптамалық материал жаза да алмайды. Сіздердің мақалаларыңыздың тақырыптары мен жарияланымдарыңыздың сапасы біздің көңілден шығады. Сіздер тез әрі бейтарап түрде жұмыс жасайсыздар. Жұмыстарыңыз үшін рахмет.



## ӨЗБЕКСТАН ҮКІМЕТІ ЖҰМЫС МИГРАЦИЯСЫН ЖОҚҚА ШЫҒАРЫП ОТЫР» АРНАЙЫ РЕПОРТАЖЫ

24 қыркүйек 2010 жыл

Өзбекстан азаматтарының көпшілігі көршілес Қырғызстан мен Тәжікстан тұрғындары секілді алыс-жақын шетелге (Ресей, Қазақстан, БАӘ, Оңтүстік Корея) күнкөріс қамымен кетеді. Алайда Өзбекстан басшылығы азаматтардың ақша табу мақсатымен шекара асып кететінін (сонымен қатар, мигранттардың арттарында қалған үйлерін айтарлықтай көлемдегі ақша жіберетінін де) мойындамай отыр, себебі олардың ойынша, ел экономикасы қарқындап гүлдеуде. Осы себепті билік мигранттардың құқығын қорғауға, оларға зейнетақы мен жәрдемақы төлеуге құлықсыздық танытып отыр, ал азаматтар шетелде заңсыздыққа тап келіп жатса, қандай да бір шара қолданудан аулақ. Өзбекстанның тәуелсіз құқыққорғаушыларының бастамашыл тобының мәліметтері бойынша 2 миллионнан 5 миллионға дейін адам шет елде еңбек қамымен жүр екен. Әр мигрант жылына үйіне шамамен 1500 доллар ақша жібереді. Ал елдеріне қайта оралған мигранттар әлеуметтік қамтамасыздандыру жүйесінен мүлдем шығып қалғандарын көреді. Аталған мәселедегі қиындық келесіде: Өзбекстан шекарасынан заңды түрде мигрант болып өтудің қиындығы сондай, көпшілік басқа жолдар іздеуді жөн көреді. Құқыққорғаушылар Өзбекстан билігі қабылдаушы елмен ең болмаса заңды мигранттардың негізгі құқығының сақталуы жайында келісіп, еңбек миграциясының барлық аспектілерін қамтитын халықаралық келісім бекітуі керек деп санайды.



## БАЛА ТУУДЫ БАҚЫЛАУ БОЙЫНША БАҒДАРЛАМА ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҚҰҚЫҒЫН БҰЗАДЫ

11 қыркүйек 2010 жыл

Өзбекстандағы құқыққорғаушылар репродуктивті жастағы әйелдерді күштеп тазалауға қатысты алаңдаушылығын білдіруде. Ташкентте орналасқан Сараптамалық жұмыс тобының қолында Денсаулық сақтау министрлігі 2010 жылдың ақпанында шығарған №40 арнайы бұйрығы бар. Бұйрық «Бала туу жасындағы әелдерді ерікті түрде хирургиялық жолмен стерилизациялауды жүзеге асыру тәртібін реттеу» деп аталады. Құжатқа сәйкес, әр дәрігер екі әйелді тауып, ерікті түрдегі хирургиялық стерилизациялауға көндіруі тиіс, сонымен қатар елу клиентті контрацептив қабылдауға үгіттеуі қажет. Өзбек мемлекеттік статистикасына сәйкес, елдің 2010 жылдың 1 сәуіріне сәйкес саны 28 миллион адам болған. Болжамдар бойынша 2015 жылы халық көлемі 33 миллионға жетуі мүмкін. Өзбекстандағы көптеген дәрігерлер жаппай стерилизациялауды аналарға төленетін бюджеттік жәрдемақының жетіспеушілігімен байланыстырады, ал гинекологтар әйелдер өздері келіп жатыр дейді. Алайда құқыққорғаушылар стерилизация ерікті түрде жүріп жатқан жоқ дейді, олардың қолында әйелдерді айтпай тазалаған, ал артынан денсаулық жағдайына байланысты осылай істеуге мәжбүр болғандығын жеткізген фактілер бар.

ҮЗДІК ЖУРНАЛИСТІК МАТЕРИАЛДАР

# ТҮРКІМЕНСТАН



## ТҮРКІМЕНСТАН БИЛІГІ АҚТҚ/ЖҚТБ МӘЛІМЕТТЕРІН АЗАЙТЫП КӨРСЕТІП ОТЫР

*12 қаңтар 2011 жыл*

Ресми мәліметтерге сәйкес, соңғы 20 жылдың ішінде Түркіменстанда ЖҚТБ-ны жұқтырған тек екі жағдай тіркелген. Алайда, «дәрігерлер адамдардың аталған ауруды жұқтырғаны жайлы жақ ашпауды жөн көреді» деген пікір бар. Бұл ауруға табу қойылған. «Дәрігерлер салқын тиюдің қатарына тіпті гепатит, сүзек немесе тырсық секілді ауруларды жатқызып жатыр», - дейді Дашогуз облысының сарапшысы. Үкіметтің осы мәселеге қатысты жалпы ұснамы аталған ауруды мойындамауға келіп саяды. «Шекарасыз дәрігерлердің» баяндамасында «құрт ауруы мен жыныстық қатынас арқылы таралатын инфекциялар,

оның ішінде АҚТҚ/ЖҚТБ да бар, ресми мәліметтерде жазылған көрсеткішпен салыстырғанда әлдеқайда кең таралған. Түркіменстан билігі шындықты мойындағысы келмей отыр» делінген. IWPR сұрау салғандар, ЖҚТБ жұқтырған деген аттан қашатын адамдар, онысын жасырын ұстауға тырысады, олар дәрігерге ондай ауру жоқ деген анықатам үшін қуана-қуана төлейді дейді. Денсаулық сақтау мәселесін көтеріп жүрген жергілікті журналист емханада ауруды растайтын диагноз қойылып жатса, ауру жалпы саясаттың кесірінен ем де қабылдай алмайды дейді.

## ТҮРКІМЕНСТАН

Вячеслав Мамедов,  
Түркіменстанның азаматтық  
демократиялық кеңесінің жетекшісі,  
Нидерланды

IWPR Түркіменстан секілді жабық елдердің жағдайын елге жеткізуде ерекше орын алып отыр. Адам құқығы, босқындар мен саяси тұтқындар туралы мақалаларды жазу барысында қолданатын пікірді күштеп таңбау және объективтілік әдістері менің құрметіме ие.



Саиша Құлаева,  
Адам құқықтары жөніндегі  
Халықаралық Федерацияның Шығыс  
Еуропа және Орталық Азия бөлімінің  
жетекшісі (FIDH)

Өзбекстан мен Түркіменстан бойынша жасаған таратылымдарыңыз үшін Сіздерге рахмет. Мақалаларыңыз біз үшін қызықты әрі пайдалы.



Сергей Хван,  
Бішкектегі ағылшынтілді "The Times of  
Central Asia" газетінің редакторы

Біз көп жыл бойы IWPR мақалалары оқимыз және олардың кейбірін қайта басамыз. Өзбекстан мен Түркіменстан туралы экономикаға қатысты материалдарыңызды жиі аламыз, себебі бұл сирек кездесетін ақпарат. IWPR-дың features жанрын ұмытпайтыны көңілге қонады.



## ТҮРКІМЕНДІК ҮЕҰ-ҒА ЖАСАЛЫНЫП ОТЫРҒАН ҚЫСЫМ

13 тамыз 2009 жыл

Түркімен билігіне жаңа президент Гурбангулы Бердымухаммедов келіп, қатал мемлекеттік бақылауды әлсірететіні туралы берген уәдесінен кейін де, елдегі үкіметтік емес ұйымдардың жағдайының жақсаратын түрі көрінбейді. Тіпті қарт адамдарға немесе бал арасын өсірушілерге қолдау білдіруге ұстылатын құқыққорғау ұйымдарының өзі қиындықтарға ұшырауда. Мұндай ұйымдарды тіркеуден бас тарту жалғасып келе жатыр. Бір қарағанда, Түркіменстанда жүздеген ұйымы бар дені сау азаматтық қоғам қалыптасқан болып көрінеді, алайда олардың бәрі дерлік әйелдер, балалар, жастар немесе Ұлы отан соғысы ардагерлерінің атынан жұмыс істейтін үкіметтік институттармен яки өнерді, спортты, бизнесті қолдайтын жартылай коммерциялық құрылымдармен қаржыландырылады. Олардың тіркелуіне еш кедергі жоқ, себебі билік бақылайды және рұқсат береді. Жергілікті сарапшының айтуынша, тіпті осындай жағдайдың өзінде үкімет келсімін берген, тек қағаз жүзінде жұмыс атқаратын 150-ге жуық ҮЕҰ бар екен. Ал өзге ҮЕҰ-дардан келіп түскен тіркеу туралы өтініштер не бірден қабылданбай тастайды, не жылдар бойы шаң басып, қарарсыз жата береді.



## ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРДІ БҰЗУҒА ҚАТЫСТЫ ТҮРКІМЕН БИЛІГІНІҢ БАСТАМАСЫНА ҚАТЫСТЫ КӨҢІЛ ТОЛМАУШЫЛЫҚ

23 ақпан 2010 жыл

Өткен жылы Ашхабад пен облыс орталықтарының тұрғындарының көпшілігі меншік дүниелерінен айрылып қалды, себебі олардың үйлерінің орнында мемлекеттік жоспар аясында саябақтар отырғызылып, мешіттер мен су бұрқақтары салынуы керек болған. Кей жағдайда бір қабатты, су құбыры тартылмаған жеке меншік үйлерді орнына көп қабатты, барлық жағдай жасалған ғимарат салу үшін бұзған. Алайда жаңа құрылыс жобалары үшін үйлерінен айрылған Түркіменстан тұрғындары өздерін үйлерінен күштеп шығарғанын айтады. Мәселен, Ашхабадтың жасамыз тұрғынын орталықтағы үйінен күштеп шығарып, қала шетіндегі жаңа салынған үйге апарып кіргізген және айырмашылығын төлемеген. Шенеуніктер бюрократиялық сылтаулармен жалтарып, тұрғындарға берілуі тиіс ақшаны төлеуден бқашақтайды. Көбінесе адамдар өз құқықтарын қорғаудан қорқады, себебі оларға қысым көрсетілген. Аты-жөнін атамуды жөн көрген ашхабадтық сарапшы Ниязовтың кезіндегідей емес, жағдай жақсарып қалды дейді. Ол кезде адамдар тіпті үйлерінің бұзылатындығы жөнінде хабар да алып үлгермей отырған.





## IWPR ТРЕНИНГТЕРІ

Екі жыл ішінде жоба аясында IWPR Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстанның ірі қалалары мен шалғай жатқан аудан орталықтарында, ҮЕҰ мен БАҚ арасындағы жұмыстың түрлі бағыттары туралы **57** тренинг өткізді. Өзбекстан мен Түркіменстан өкілдері де аталған елдердің біріне өткізілетін орнына байланысты келіп, шараларға қатысып отырды. Жалпы саны **бір жарым мыңнан астам адам оқыды**. IWPR тренингтерінің ерекшелігі – әр тренердің шара өткізіп жатқан елдің және жалпы аймақтың спецификасын ескере отырып өзіндік қайталанбас оқыту модулін жасауы еді. Тренингтерге қатысушылар мұндай қадамның тәжірибелік құндылығын атап өтіп отырды. IWPR, сонымен қатар, елдер арасында **тренерлермен ауысуды** да пайдаланды. Іс жүзінде дәлелденгендей, бұл тренингтердің сапасын арттырып, өзге елден келген өз ісінің маманының берген ақпаратына деген сенімді күшейтеді. Тренинг алмасудың арқасында Орталық Азиядағы сарапшылар арасындағы байланыстың нығая түскенін айта кету керек. Біз **соңғы екі жыл ішінде** Орталық Азияда жүргізілген тренингтік жұмысымыздың негізгі бөлімдерін назарларыңызға ұсынғымыз келеді

## ҮЕҰ МЕН БАҚ АРАСЫНДАҒЫ ТИІМДІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС БОЙЫНША ТРЕНИНГТЕР

Тренерлер:

Нуриддин Каршибоев, Тәжікстанның тәуелсіз БАҚ-дарының ұлттық ассоциациясының төрағасы (ТТБАҚҰА) (Тәжікстан), Ирина Чистякова, Caresd.net жобаларының координаторы (Қырғызстан), Абдумомун Мамараимов, Қырғызстандағы “Voice of Freedom” Қоғамдық қорының басқарма төрағасы, «Голос свободы» газетінің бас редакторы (Қырғызстан), Елена Воронина, журналист, құқыққорғаушы (Қырғызстан), Рухшона Олимова, (Тәжікстандағы Әріптестік Қоры – Ашық Қоғам Институты), Азалхон Алимов, Худжанттағы Адам құқығы бойынша орталықтың заңгері және сарапшысы (Тәжікстан).

Лариса Янина, журналист «Диалог» газетінің Талдықорғаннан келген журналисті, тренингтерге қатысушы

IWPR менің қоғамдық ұйымдармен арадағы байланысымды бекітіп берді. Біз тренингтерге бірге қатысып едік, енді әріптес болып отырмыз. Мәселен, біздің газет «Жасыл ел» жастар ұйымына ақпараттық демеуші болып отыр. Ад біздің журналистер ардагерлерге қолдау білдіретін «Ардагер» клубының іс-шараларына қатысып отырады.



Аталған категория тренингтерінің негізгі мақсаты журналистер мен құқыққорғау ҮЕҰ өкілдерін құқыққорғау мәселесі жайлы тиімді ақпарат таратуға үйрету болды. Тренингтер барысында қатысушылар адам құқығы мәселелері туралы ақпарат тарату және ақпаратты дамыту механизмдерін қарастырып, қоғаммен байланыс тәсілдерін үйренді, БАҚ-дарындағы құқыққорғау тақырыбының ерекшеліктерін меңгерді. Әсіресе тәжірибелік тапсырмаларға баса назар аударылды, тапсырмаларды жасау барысында қатысушылар ҮЕҰ мен БАҚ арасындағы байланыс кезінде пайда болатын сұрақтар мен кедергілерді талқылап, оларды шешу жолдарын қарастырды. Тренерлер қатысушылардың ҮЕҰ мен БАҚ арасындағы қандай да бір өзара әріптестігіндегі тәжірибесі бар екеніне көңіл бөлінгенін айтады. Тренингтер барысында БАҚ-мен қарым-қатынас орнатудың жолдары, баспасөз мәслихаттарын ұйымдастыру, баспасөз баяндарын жазу және сұхбат алу секілді іс-әрекеттер сарапталды. Қатысушылар «мұндай білімді ешқайдан ала алмайтындықтарын, соның кесірінен қоғаммен байланыс түсінігін өздерінше анықтайтынын» жеткізді. Тренерлердің арқасында не істеу керек екендігі айқындала түсті. «Бұл тренинг бізге, құқыққорғау ҮЕҰ ммен журналистерге, ортақ тұстарымызды түсіндіріп берді. Тренерлердің тәжірибесі, мысалдарды талқылау, адам құқығы саласындағы өзекті мәселелерді қарастыру өте пайдалы болды.

## IWPR ТРЕНИНГТЕРІ

Бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен адам құқығын дамытуда билік өкілдеріне айтарлықтай ықпал етуге болады», - деді Жалал-Абад облысындағы «Қылым шамы» Адам құқығы бойынша орталығының үйлестірушісі Абдуназар Маматисламов. Тренингтер нәтижелерінің бірі ретінде бұқаралық ақпарат құралдарының көмегі арқылы адам құқығы мәселесін көтеруде билікке ықпал жүргізуді атап айтса болады.

*Бектур Искендер,  
Kloop Media тең  
құрылтайшысы және  
редакторы, құқыққорғау  
жұмысында жаңа медианы  
қолдану бойынша тренер*

## ҚҰҚЫҚҚОРҒАУ ЖУРНАЛИСТИКАСЫ БОЙЫНША ТРЕНИНГТЕР

### Жаттықтырушылар:

*Андрей Гришин, Вячеслав Абрамов (Freedom House Қазақстан),  
Улугбек Бабакулов, «МК-Азия» газетінің бас редакторы, Лейла Саралаева,  
AP тілшісі, Аида Касымалиева (IWPR), Дина Токбаева (IWPR),  
Игорь Горбачев (IWPR), Лола Олимова (IWPR) және Хуршед Атовулло,  
«Фараж» газетінің бас редакторы*

Журналистер мен құқыққорғау ұйымдарының қызметкерлері құқыққорғау тақырыбын халықаралық журналистика стандарттарына сәйкес қалай көтеру керектігіне байланысты оқытудан өтті. Бұл тренингтер құқыққорғау журналистикасының ұңғыл-шұңғылын - әдістерін, сезімтал тұстарын, журналистер мен ақпарат көзінің арасындағы байланысты, журналистік зерттеу кезіндегі құралдарды үйретеді. Аталған категорияның тренингтеріне қатысушылар құқыққорғау журналистикасына байланысты теориялық білімді меңгеріп, негізгі ұстанымдар мен жұмыс тәсілдерін үйренді. Тренерлер қатысушылармен құқыққорғау мәселесін түрлі жанрда көтеру бойынша тәжірибелік ұсыныстарымен бөлісті. Негізгі назар адам құқығы тақырыбына байланысты ақпарат бергенде қандай қателіктер жібермеу керек, халықтың әлсіз топтарымен жұмыс кезінде қандай тәсілдерді қолдану керек, және оқырмандарға қызықты болу үшін ақпаратты қалай беру қажеттігіне бөлінді. Сонымен қатар заңдық мәселелерге, атап айтсақ адам құқықтарын қорғау механизмдері туралы елдердің ұлттық заңнамасында және халықаралық құқықта не айтылғанына да көңіл бөлінді. Бұл тренингтер көптеген идея тудырып, жігер берді дейді қатысушылар. Топтық жұмыс және жаттықтырушымен байланыс жағдайды дұрыс қабылдап, өз күшінбағамдап, қалыпты дүниелерге басқаша көзқараспен қарауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, IWPR тренингтерінің тағы бір пайдасы Орталық Азия бойынша әріптестермен және құқыққорғаушылармен танысу мүмкіндігі болды. Бұл жерде бірнеше күннің ішінде жылдар бойы жиналатын білімді алуға болады. Аталған тренингтерге қатысушылардың көпшілігі кейін IWPR журналистері болып жатты.



IWPR үшін жаттықтырушы болу маған Орталық Азияның құқыққорғаушыларымен танысуға мүмкіндік берді, ал бұл оңай келетін дүние емес. Біздің елде, өкінішке орай, қоғамның басым бөлігі құқыққорғаушыларға сынмен қарайды, грантжөгіштер деп атайды. Мен мұндай жалған пікірге мән бермеуге тырыстым және құқыққорғаушылармен жұмыс барысында менің аймақтағы шын мәнінде мемлекеттік орган өкілдері атқаруы тиіс жұмысты құқыққорғаушылар жасап отырғанына көзім жетті.

## ИНТЕРНЕТ-САУАТТЫЛЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢА МЕДИА БОЙЫНША ТРЕНИНГТЕР

### Жаттықтырушылар:


*Вячеслав Мамедов, Түркіменстанның Азаматтық демократиялық одағының жетекшісі, Нидерланды, Әділ Нұрмақов, (Global Voices Online),  
Бектур Искендер (Kloop), Ринат Тухватшин (Kloop)*

Аталған категория тренингтерінің негізгі мақсаты бүкіләлемдік ғаламтордың белсенді пайдаланушылары – құқыққорғаушылар мен журналистерге Интернеттегі жұмыстың қандай қауіп төндіруі мүмкін екендігін және жеке, коммерциялық сипаттағы мәліметтерді қорғаудың әдістерін үйрету болды. Үшкүндік тренингтер барысында әр қатысушы алған білімін бекіту үшін жеке тапсырмалар орындады. Тренер ретінде Түркіменстанның Азаматтық демократиялық одағының жетекшісі, аталған тақырып бойынша әлемнің түрлі елдеріндегі белсенділер үшін тренинг өткізуден тәжірибесі бай Вячеслав Мамедов шақырылды. «Сіздің хат алмасуыңыздың үшінші бір адамға мәлім болу мәселесі ешқашан өзектілігін жойған емес. Ең сорақысы, адам бұл жайында білмеуі де мүмкін және мәліметтерін қорғаудың тәсілдерін де білмейді», - дейді Мамедов. Тәжікстан өкілі, Адам құқықтары мен заңдылықты сақтау жөніндегі бюроның заңгері Худоназар Мамадназаров аталған тренингте «бірінші рет өзі үшін көп дүние білгенін» айтып өтті. «Мен бұрында IT-саланы жақсы білетінмін, себебі қоғамдық

## IWPR TRAINING

*Рухиона Олимова,  
Тәжікстандағы Әріптестік Қоры  
– Ашық Қоғам Институтының  
БАҚ бағдарламасы үйлестірушісі,  
жаттықтырушы*

2010 жылы мен IWPR-ға арнап құқыққорғаушылар үшін коммуникациялық стратегияларды әзірлеу мен дамыту бойынша тренингтер өткіздім. Аталған шаралар Душанбеде, Худжандта және Қорғантөбеде болды. Мен үшін құқыққорғаушылардың көпшілігінің коммуникациялық стратегиялар туралы мүлдем білмеуі, баспасөз баянда-рын жаза алмауы немесе баспасөз мәслихаттарын өткізуді білмеуі нағыз жаңалық болды. Осыған қарамастан, олар үлкен әрі маңызды жұмыстарды атқарып отыр. IWPR-мен әріптестік ме үшін аймақтық ҰЕҰ-дардың жағдайымен танысуға мүмкіндік берді. Мен осындай ұйымдардың 90-ға жуық өкілімен таныстым. Тренингтердің кейбір белсенді қатысушылары әлі күнге менімен байланыс ұстайды, қол жеткізген табыстарымен бөлісіп, БАҚ-дарымен байланыс орнату мәселелері бойынша ақыл-кеңес сұрайды. Аймақтағы құқыққорғаушылардың белсенділігі және еш қысылмай өз қиындықтары туралы айтып, біздің көмегімізбен оларды шешуге тырысатындықтары таң қалдырады.



бірлестіктегі жұмысым сонымен тығыз байланысты еді, алайда бұл шарда мен өз білімімнің жеткіліксіз екендігі түсіндім. Мұндай тренингтерді ірі және жұмысын жаңа бастап келе жатқан қоғамдық бірлестіктер, құқыққорғаушылар мен журналистер үшін тұрақты түрде өткізіп тұру керек. Тәжікстан үшін мұндай шара өте сирек кездесетін құбылыс», - деді ол. Тренинг қатысушысы, «Zonakz.net» интернет-басылымының журналисті Владислав Юрицын: «Бұл тренинг менің интернетпен жұмыс туралы білімімді ұлғайтты. Тәжірибелік тапсырмалардың арқасында мен бұрын тек естіп жүрген дүниелер туралы кең мәлімет ала алдым. Бұл өзім жұмыс істейтін редакция үшін аса пайдалы болмақ», - деді. Шараға қатысушылардың сөзіне қарағанда, IWPR тренингтерінде алынған ұсыныстар мен білім оларға Интернетпен жұмыс кезінде айрықша маңызды болады. Сонымен қатар, тренинг материалдарының тілінің қарапайымдылығы да атап өтілді. Қатысушылар құқыққорғау және журналистік ортада интернет-ресурстарды дұрыс пайдалану мәдениетін қалыптастыру және оны күнделікті жұмыс кезінде ұмытпау қажеттілігі туралы айтып жатты. Vladislav Yuritsyn, a journalist from the internet site Zonakz.net, said the training expanded his ideas about working with the internet. "With the help of practical exercises I received a detailed understanding about things which before I had only heard about. This will definitely be useful for the organisation I work for," he said. Other participants confirmed that the recommendations and knowledge gained during the training will be useful for them in their use of the internet. They said it was important to create a culture in which internet resources are used correctly during the everyday work of human rights groups and journalists.

## РАДИОЖУРНАЛИСТИКА БОЙЫНША ТРЕНИНГТЕР

*Тренерлер:*

Шаходат Саибназарова, *IWPR (Тәжікстан)*, Искандар Фируз (*Тәжікстан*),  
Сабыр Абдымомунов «*Биринчи радио*» бас редакторы (*Қырғызстан*),  
Каарманбек Кулуев, *IWPR (Қырғызстан)*, Зебо Таджибаева, *IWPR (Тәжікстан)*,  
Нурлан Абдалиев, *IWPR (Қырғызстан)*, Назгуль Жамгырчиева,  
*ОТРК радиотаратылымының бас режиссері (Қырғызстан)*.



IWPR радиоматериалдар дайындау мен радиода тікелей эфирдегі режиссура технологиялары бойынша тренингтер өткізеді. Тренингтерді IWPR радиоредакторлары өткізеді, сонымен қатар радио қызметкерлері, радиотаратылым режиссерлары, дауыс режиссерлары, әлеуметтік және коммерциялық аудиороликтер дайындаудың мамандары шақырылды. Жаттықтырушылар тікелей эфирде хабар таратудың ерекшеліктері жайлы, радиосюжеттер жасау кезінде интершумды қалай дұрыс пайдалану керектігі туралы әңгімеледі. «Радиожурналистің эфирде әдемі жабдықталған мзыкалық-көркемдік материал беруі маңызды. Сонымен қатар ол техникалық жабдықталуымен және ақпараттық хабарламамен де жұмыс істей білуі ке-

рек», - дейді жаттықтырушылар. Тренингтер барысында қатысушылар елдегі радиостансалардың эфиріне сараптама жүргізіп, ражионың жаңа техникалық құралдарын меңгерді. Сонымен қатар журналистер жаңалықтар материалдарын жасауды меңгерді, бұл өз кезегінде аталған тренингтерге қатысушыларға IWPR радиосының контрибуторы болуға мүмкіндік берді. «Радиотаратылымның автоматтандырылуымен жұмыс жасау керек, танымдық дүние. Тренинг кезінде біз эфир режиссері де, жаңалық оқитын диктор да болдық. Алайда екі күн жетпей қалды, ұзақ мерзімді тренингтердің болғанын қалаймыз», - деді Қырғызстаннан келген, IWPR-дың радиотренингтерінің қатысушысы Улан Солтобек уулу.

## ҚАЗАҚСТАН

# ҚАЗАҚСТАН ПОЛИЦИЯСЫ ДИССИДЕНТТЕРДІ ПСИХИАТРЛЫҚ ТҮТҚЫНДАУЛАРМЕН ҚОРҚЫТЫП- ҮРКІТУДЕ



Үкімет елдің беделін сақтау мақсатында режимге сын айтқандарды ақыл-есі кем жандардың қатарына қосудан қашақтайды, алайда полиция ара-тұра қорқыту мақсатында еріксіз емдеуге жатқызады.

Билікке сын айтқан немесе тыныштық бұзғысы келгендерді психиатрлық ауруханаларға жатқызу тәжірибесі 20 жыл бұрын кеңестік жүйемен бірге келмекке кеткендей болып көрінген-ді, алайда құқыққорғаушылар Қазақстан полициясының мұндай тәсілді әлі күнге қолданатын айтуда.

Қазіргі кезде міндетті психиатрлық тексеруден өткізілуге жіберілетіндер – белгілі диссиденттер емес, елдің Астана немесе Алматы секілді аса ірі емес қалаларынан шыққан саясаткерлер және «ыңғайсыз» сұрақ қоятындар.

Алайда, бұрынғыға қарағанда дәрігерлер зерттеу ба-рысында ауытқулар байқалмағандарды емдеуге жатқызудан бас тартады.

Желтоқсан айында полиция 64 жастағы Александр Бондаренко ұстады. Ол Орталық Қазақстандағы Қарағанды қаласында орналасқан психиатрлық емханаға жіберілді.

Коммунист Бондаренко Қарағандының орталығындағы Владимир Ленинге арналған ескерткіштің орнынан алынуы-на қарсылық білдіру нәтижелерінде ұсталған болатын.

Оны үш күн бойы аймақтық психиатрлық емхана-да ұстаған. Емхана қызметкерлері оған полициядан хат алғандарын, хатта ұсталған адамның қауіпті екені және психикалық жағдайн еріксіз тексеруден өткізу керектігі жайында жазылғандығын айтқан.

Дәрігерлер Бондаренкоға ешқандай еріксіз тексеруден өткізбейтіндіктерін айтып, кетуге рұқсат беріпті.

Емханадан шыға салысымен Бондаренко полицияны дұрыс қарым-қатынас жасамағаны үшін сотқа берді, алайда

қылмыстық құрамның болмауына байланысты қылмыстық іс қозғалмаған.

Осымен Бондаренко еркінен тыс емханаға екінші реет түсіп отыр. Бірінші жолы, осыдан бес жыл бұрын, оны қарағандылық шахтерлардың қарсылығын қолдағаны үшін ұстаған болатын.

Осыған ұқсас жағдайлар елдің басты көмір өндіруші қаласы Қарағандыда тіркелді, бұл қалада либералды ұстанымдар басымдық көрінеді. 2010 жылдың қазанында Қарағандыға жақын орналасқан Шахтинск қаласындағы «Шахтер отбасы» қоғамдық ұйымының төрағасы Тахир Мухамедзянов полицияның көмегімен психиатрлық емханаға түседі. Бұл жолы да дәрігерлер оның ақыл-есінің дұрыс екендігіне көз жеткізіп, босатып қоя берген.

2007 жылы Кеңес Одағынның сақталынуы тура-лы референдумның бір жылдығына арналған митинг ұйымдастырмақшы болғаны үшін Анатолий Прилепскийді бір аптаға жуық уақыт Қарағандыда бақылауға алған.

Жалпылай қарағанда полиция тәртіп бұзушыларға «ақыл-есі кем» деген «атақ» таңуға ұмтылатын сияқты әсер қалдырады. IWPR Қарағанды облысының Ішкі істер департаментіне ресми сұрау жіберген болатын, алай-да үкіметтік мекемелердің үш күн ішінде жауап беруге міндетті екендігіне қарамастан, сұрауға ешқандай жауап алынған жоқ.

Қарағанды қаласының облыстық психоневрологиялық диспансерінің бас дәрігері Қайрат Әбдірахманов полицияның азаматтарды күштеп емдеуге жатқызатыны жайлы оқиғалардың кездесетінін растады. Сонымен қатар, ол қаңтар айында прокуратураның азаматтарды еркінен тыс емханаға жатқызу туралы арыз негізінде тек-



## ҚАЗАҚСТАН

серу жүргізгенін және заңға қайшы ештеңе таппағанын айтты.

«Біз еркінен тыс емдеудің күрделі мәселелер екенін түсінеміз, сондықтан заң шеңберінен шықпаймыз», - деді Әбдірахманов.

Адам құқықтары бойынша бюро Қарағанды бөлімшесінің директоры Юрий Гусаков аймақтың қайғылы тарихын еске алды. Кеңес одағы кезінде бұл өңірде саяси тұтқындар жазасын өтеген ГУЛАГ лагері орналасқан болатын.

«Басқаша ойлайтындарды емханаға салу деген ойға қонымсыз тәсілді біздің полиция қызметкерлері әлі де болса қолданады. Әдетте бұлай жасауға негіз де бола бермейді», - дейді ол.

Елдің батысында орналасқан Орал қаласының тұрғыны Александр Пуздриков полицияны қаңтар айында жазықсыз жала жапты деп айыптап отыр. 37 жасқа келген Пуздриков балалар үйінің тәрбиеленушісі ретінде заң бойынша өзіне тиесілі тұрғын үйді әлі ала алмай жүр.

6 қаңтар күні ол Орал қаласында өткен Қазақстан президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың өкілеттілігін ұзарту бойынша референдумға қарсы кішігірім акцияға қосылып кетеді. Шараға қатысқан журналистер мен оппозиция өкілдері я айыппұл төледі, я бес тәулікке тұтқындалған болатын. (Қараңыз: Қазақстан: азаматтық ұстанымды білдіре отырып. Акцияға қатысқан журналист Санат Урналиевтің тәжірибесі).

Пуздриков тұтқындау кезінде полиция оның қалтасына есірткі салып жіберіп, артынан егер олармен психиатрлық емханаға барып, емдеуден өтуге келісімен бермесе, сәйкес жазалардың қолданылатындығын айтып қорқытқанын жеткізді. Алайда емхана дәрігері қорытынды құжатта пациенттің емдеуді қажет етпейтіндігін көрсетіп, Пуздриковті босатып жіберген.

Оралдың ішкі істер департаменті қызметкерлерінің ешқайсысы мұндай оқиғаға қатыспағанын айтып, толық түсініктеме беруден бас тартты.

Пуздриков қазір прокуратураға полицияның үстінен арыз жазуда.

Мұндай оқиғалар Қазақстанның жеке-леген аймақтарында көзден таса қала береді, алайда 2007 жылы елдің оңтүстігіндегі шымкенттік жазушы Нұрлан Әлімбаевтың тұтқындалуы БАҚ мен Нью-Йоркте орналасқан Хьюман Райтс Вотч (Human Rights Watch) секілді ірі құқыққорғау ұйымдары бар бірқатар мекемелердің наразылығын тудырды. Әлімбаев президент Назарбаевты қорлайтын және ұлт араздығын тудыратын мазмұндағы электронды пошта арқылы хат жіберді деген айыппен арнайы мамандандырылған психиатрлық емханаға жатқызылған болатын.

Халықаралық қауымдастықтың назар аударуы билікке ұлттық дәрежеде психиатрлық жүйені диссиденттерді жазалау үшін қолданудан бас тартқызып сынайды.

«Биліктің [мемлекеттік] өз қателерінен үйренгені және халықаралық қарсылық туғызғысы келмейтіні анық. Алайда бұл істі басқа тұрғыдан қарау керек. Ештеңе өзгере қойған жоқ, құқыққорғау органдары ойына не келсе, соны істеп үйреніп қалған», - дейді тәуелсіз журналист Андрей Свиридов.

Свиридовтың сөзіне қарағанда полицияның нысанасында ҰЕҰ белсенділері, өзгеше ойлайтын оппозиция жақтастары және жеке мақсаттарына жетуді көздейтін тұлғалар ілігіп отыр.

«Олар мұндай қарсылық танытушы азаматтардың халықаралық кампания өткізуге себепші бола алмайтынын түсінеді», - дейді ол.

**Андрей Гришин**, Қазақстандық адам құқықтары және заңдылықты сақтау жөніндегі бюро қызметкері.

# ОҢТҮСТ МАҚТА





ОБЪЕКТИВТЕГІ ҚАЗАҚСТАН

# ТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЛҚАПТАРЫНДАҒЫ МИГРАНТТАР



*Фото авторы:  
Валерий Калиев.*

*Фотосуреттер 2010  
жылдың қазанында  
Шымкенттің  
маңындағы Жетісай  
қаласында түсірілген.*

*Фотосуреттер  
IWPR 2011 жылдың  
наурызында  
отбасындағы зорлық-  
зомбылық бойынша  
өткізген аймақтық  
дөңгелек үстелінің  
аясында орын алған  
«Орталық Азия  
әйелдері. Отбасындағы  
күш көрсету. Миграция.  
Кедейлік» көрмесіне  
қойылды.*



## ҚЫРҒЫЗСТАН

# ҚЫРҒЫЗСТАННЫҢ ОҢТҮСТІГІНДЕГІ ЖАНЖАЛ ӘЛІ КҮНГЕ ӘСЕРІН ТИГІЗІП ОТЫРҒАН АЛАУЫЗДЫҚҚА ӘКЕЛІП СОҚТЫ



Өткен жылы Қырғызстанның оңтүстігінде орын алған қайғылы жағдайлардың салдары әлі күнге дейін сезілуде. Екі топқа бөлінген халықтың арасы алшақтап барады, ал жергілікті тұрғындар болса қауіпсіздіктері мен болашағы үшін алаңдап отыр.

Жанжалдың шығу себебіне қатысты ұзақмерзімді зерттеудің нәтижелері бойынша жарық көрген мәліметтер көлемі артқан сайын, IWPR түрлі ұлт өкілдерінен тұратын оңтүстік аймақ тұрғындарынан бірнеше күннің ішінде төрт жүзден астам адам қаза тапқан қайғылы жағдайлар мен бассыздықтардан жарты жыл уақыт өткен соң орын алған жағдайға баға беруін сұраған еді.

Жалғасын тауып келе жатқан тұрақсыздық пен Ош және Жалалабад қалаларының және қала маңындағы аймақтардың экономикасының тым баяу қалпына келтірілуі арасында тек өзбектер аған емес, қырғыздары да бар, өз білімдері мен мамандықтары өзге жерде қажет болар деген халықтың жаппай көшуіне себеп болып отыр. Осылайша аталған дағдарыс Қырғызстанның оңтүстігіндегі өзі де төмен өмір сүру деңгейін құлдыратып жіберді, ал құнды мамандардың аймақтан кетуі жергілікті халықтың біліксіздігінің артуына әкеліп соғуда.

2010 жылдың маусымында болған оқиғалардың себебі мен салдарын арнайы комиссия зерттейді, алайда 11 қаңтар күні комиссия төрағасы Абдығаны Эркебаев жариялаған қорытындылар кейбіг үкіметтік емес ұйымдар тарапынан сынға ұшырады. Ұйымдар комиссия мәліметтерін күткендей толық емес деді. Эркебаевтың сөзіне қарағанда, 426 адам қаза болған, олардың 381-нің кім екендігі анықталды. 276-

сы өзбек, ал 105-сі қырғыз екен. Сонымен қатар, 2200 адам жаракат алып, өрт пен бассыздықтар салдарынан 85 миллион АҚШ долларына тең экономикалық шығын келген.

Эркебаевтың айтуынша, комиссия аталған жағдайға бизнесмен, өзбек ұлтының арасында танымал және 2010 жылы болған халық көтерілісінің нәтижесінде елден кетуге мәжбүр болған бұрынғы президент Құрманбек Бәкиевтің туысы Кадыржан Батыровты кінәлі деп тауып отыр. Сонымен қатар, жанжалды ұйымдастыруға қатысы бар деген күдіктілердің қатарына есірткі сатумен айналысатын ұйымдасқан қылмыстық топ мүшелері, экстремистік топтар мен ел сыртындағы атауы белгісіз «үшінші күштер» де кіреді.

Комиссия Бәкиевтің орнына келген уақытша үкіметті, елдің оңтүстігіндегі жергілікті билікті қалыптасқан жағдайдың орын алуына байланысты айыптады. Күштік құрылымдар дау өрті тұтанған кезде қару-жаракқа ие бола алмады дейді комиссия.

Теусеру комиссиясының мүшесі Нурбек Токтакунов зерттеуге қатысудан қашқақтап, оған қол қоюдан бас тартты және тексеріс атүсті жүргізілуде, қайғылы жағдайларға қатысты жүріп жатқан сот процедуралары туралы мәліметтерді қамтымай отыр деп мәлімдеді.

«Егер біздің комиссия азаптаулар мен өзге де қылмыстық-іс жүрзізу процедуралары жайында пікірін білдірсе, қоғамның жағдай өзгереді-ау деген үміті оянар еді», - дейді ол.

Бұрын белгілі болғандай, Токтакунов сотта құқыққорғаушы және этникалық өзбек Азим-

## ҚЫРҒЫЗСТАН

жан Аскаровтың мүддесін қорғаған. Аскаров жаппай бассыздықтар ұйымдастырды деген айыппен өмір бойға бас бостандығынан айрылу жазасын алған еді.

Өзбек және қырғз құқыққорғаушылары құрған «Ош бастамасының» балама баяндамасы этникалық өзбектердің шабуылдарға тұрақты түрде ұшырап отырғандығын, ал сот кезінде қылмыскерлер болып шыға келгенін айтады.

Ұлттық комиссия есебі жарық көрмей тұрып сауалнамаға қатысқан елдің оңтүстігіндегі өзбектер орталық биліктің өздерін жалғыз қалдырғанын сезінетінін және жергілікті биліктің үнсіз келісімінің кесірінен өзбектер, ең көп жапа шеккен топ болса да, қайғылы жағдайдың орын алуына себепші болған балғыз кінәлі болып қалғандықтарын айтты.

Қырғызстанның оңтүстігінде өмір сүретін өзбектер мен қырғыздар үшін 2010 жылдың жанжалы кесірінен болған экономикалық және өзге де қиындықтар әлі күнге маңызын жойған жоқ.

Ресми статистикаға сәйкес 37 мыңнан астам елдің оңтүстігін қақтығыстың алғашқы үш айында тастап шыққан, алайда саясаттанушы Икбол Мирсаитов бұл көрсеткіш шындықты білдірмейді деп санайды. Оның есебіне сәйкес, елден кеткендердің жартысынан астамы өзбектер, олардың басым көпшілігі Қырғызстаннан Ресейге ауа көшкен. Сонымен қатар, қырғыздар да қашып жатыр, алайда олар мемлекет астанасы Бішкек орналасқан елдің солтүстігіне қоныс аударуда.

Екі ұлт арасындағы қақтығыс әлі күнге созылып келеді, алауыздық сезімі сенімсіздік пен күдік тудырып отыр, ал бұл өз кезегінде экономикалық қиындықтың негізгі себептерінің бірі дейді IWPR сұрау салған адамдар.

Ош қаласында кафесі болған өзбек бизнесмені, IWPR-мен болған әңгімеде, өзінің Ресейге біржолата көшер алдында жұмыстарын бітіру үшін қалға қайта оралғанын айтты.

Ол мұндай асығыстықтың себебін де түсіндіріп берді. «Тамызда болған оқиғалардан кейін, мен жұмысымды енді жалғастыра бастап едім, бірнеше күннен кейін маған қылмыс элементінің өкілдері келді. Олар мені тапаншамен қорқытып, кафені беруді талап етті, ұлтымды қорлады. Мен әйелімді және үш баламды алып, заттарымды жинап Ресейдегі туыстарыма тартып кеттім», - дейді ол.

Өзін Абдумалик деп таныстырған Ош қаласының құрылысшысы күнқоіске қажетті ақша табудың күннен-күнге қиындағанын айтады. Оған себеп коммерциялық қызметтің тоқырауға ұшырауы және өзінің жұмыс табу мақсатында еркін жүріп-тұра алмайтығында екен.

«Мен өмір сүріп отырған ауданымнан басқа жерде жұмыс істей алмаймын, өмірім мен денсаулығым үшін алаңдаймын. Кейде бәрін қолды бір-ақ сілтеп, Ресейге тартып кеткім келеді», - дейді ол.

Жүк көлігін жүргізетін Ош қаласының тұрғыны Хикматилло да осы тектес қаіптерін білдірді.

«Маусым оқиғаларынан кейін ел аталған қайғылы жағдай қайта орын ала ма деп қорқады... Кейбіреулер (өзбектер) тауып-өскен үйлерін сатуға мәжбүр. Осы көктемде жұрттың тағы бір бөлігі елден кетеді деген қауесет те жүр», - дейді ол.

Жалалабадтық жеке кәсіпкер Марат Нуралиев өмірдің бір қалыпқа түсіп келе жатқанын, алайда адамдардың әлі де болса қауіппен өмір сүріп отырғандығын жеткізді.

«Жұрт Жаңа жылда атылған жарылғыш ойыншықтардан да қорқады... Қауіп пен әлдебір жаман жағдайдың болары сезіледі». - дейді ол.

Қырғыздардың да, өзбектердің де кек қайтаруға ынты-сы болмаса да, «олардың бір-біріне жаулықпен қарайтыны байқалады» дейді кәсіпкер.

Нуралиев қауіпсіздік қайта келді деп қуануға әлі ерте, себебіқыта оқыс оқиғалар бола қоймайды, алайда жағармай мен тұқым жетіспеушілігі секілді экономикалық мәселелер шешімін таппаса, көктемде «оңтүстік тағы да тулауы мүмкін» деп ескертті. Халықтың наразылығын өз



мақсаттарына пайдаланғысы келетін Бәкиевтің жақтастары, ислам содырлары, есірткі саудасының адамдары секілді көптеген топтар бар.

Мирсаитов биліктің экономиканы қалпына келтіруге тырысып жатыр, алайда салық жеңілдіктері сияқты шаралар адамдар жағдайдың жақсарып, аталған жеңілдіктерді пайдалана алатынына көздері жетпегенше көмектеспейді дейді.

Оштағы шағын дүкеннің иесі Зумрад Танакова саясаттанушының пікірмен келісіп отыр. «Мемлекет 6 ай жеңілдік беріп, салық жинамаса да, оларды төлейтін қаражат бізде болған жоқ, себебі табыс жоқ», - дейді ол.

Алайда сауалнамаға қатысқан бірқатар адамның болашақтан үміті зор. Олар жұмыстың үкімет пен тәртіпсіздіктер кезінде зардап шеккен бизнестің қолдауымен қалпына келеріне сенеді.

Бірақ, өзбектер арасында билікке деген сенім құқыққорғау органдары мен сотты айналып өтуде. Аталған құрылымдар бассыздықтарға қатысы бар деген айыпталушылардың үстінен іс қозғауда.

Жүк көлігінің жүргізушісі Хикматилло нағыз кінәлілер табылып, әділ сотқа тартылып, әділ жазаларын алмайынша, өзбектер мен қырғыздар арасында бейбітшіліктің орнауы мүмкін емес дейді.

Өзге тұрғындардың қырғыз тілінің дамуына байланысты кампания алаңдаушылығын туғызып отыр екен. Желтоқсан айында Ош облысының губернаторы Сооронбай Жеенбеков жергілікті мемлекеттік мекемелерге барлық істі қырғыз тілінде жүргізу туралы нұсқау берген болатын. Бұған дейін елде ресми тіл болып мәлімделген және халықтың



## ҚЫРҒЫЗСТАН

түрлі топтарының арасында ұлтаралық қатынас құралы ретінде кең таралған орыс тілі іс қағаздарын жүргізуде қырғыз тілімен қатар қолданып келген-ді.

Қырғызстан үкіметі көптен бері мемлекеттік тілді пайдалануды дамытуға тырысып келе жатыр. Аталған бастама жарияланған кезде, өзбектердің әлсіз ғана



көңіл толмаушылығын туғызды, олар шұғыл шешімді қажет ететін өзге мәселелер тұрғанда бұл кампанияның не қажеті бар деген пікірде.

Ел оңтүстігіндегі қиындықтарға қарамастан, Мирсаитов жақсылықтан үмітін үзбей отыр.

«Қырғыздар мен өзбектер өзара келісіп алады деген пікір бар. Бір жағынан, мен бұл іске саясатты араластырмау керек деген пікірмен келісемін», - дейді ол.

**Анара Юсупова**, Бішкектегі журналистің лақап аты және

**Исомидин Ахмеджанов**, Ош қаласындағы журналист. Екеуі де IWPR тренингтерінен өткен.

# ОШ ҚАЛАСЫНЫҢ КЕЙІН ҚАЙТА ҚА.



ФОКУСТАҒЫ ҚЫРҒЫЗСТАН

# ТӘРТІПСІЗДІКТЕРДЕН АЛШЫНА КЕЛУІ



*Игорь Коваленко*

*Фотосуреттер Ош қаласында 2011 жылдың қаңтарында, 2010 жылдың маусымда болған қайғылы оқиғалардан сегіз ай өткен соң түсірілді.*

*Фотогалерея [www.iwpr.net](http://www.iwpr.net) сайтында жарияланды.*





## ТӘЖІКСТАН

# ТӘЖІКСТАНДА НЕКЕ ЕРЕЖЕЛЕРІН ҚАТАҢДАТУДА

Тәжікстан азаматтары мен шетелдіктердің некеге отыру процедураларын қиындатуды қарастыратын заң өзгерістері Ауғанстан мен Қытай азаматтары есеппен қиатын некеге тосқауыл болады деп отыр.

Қаңтар айының соңында қабылданған заңнама өзгерістеріне сәйкес шет ел азаматы Тәжікстан азаматымен неке қияр алдында кем дегенде бір жыл сол елде өмір сүруі қажет. Шетелдік неке қиылмай тұрып, жолдасын ба-спанамен қамтамасыз ету туралы келісім-шартқа қол қою тиіс. Өзге мемлекет азаматтарының тек сол елде бес жыл өмір сүрген соң барып қана үй сатып алуға құқығы бар және аталған жылжымайтын мүлік Тәжікстан азаматының атына жазылады.

Тәжікстанда миграцияға қарағанда, эмиграция мәселесінің күйіп тұрғанына байланысты, бір қарағанда елде тұрақтап қалғысы келетін шетелдіктермен неке қию ережелерін күрделендіру түсініксіз болып көрінуі мүмкін.

Алайда, сарапшылардың пайымдауынша, бұл өзгерістер, бірінші кезекте, ауғандықтар мен Қытайдың батысындағы Шыңжаң провинциясында мұсылман азшылықтарын құрайтын этникалық ұйғырларға қатысты болмақ. Олардың кейбіреуі Тәжікстан азаматтығын алу үшін некеге ұмтылады деген күдік бар, себебі мұндай жағдайда азаматтық бес жыл емес үш жылдан соң беріледі. Ел аумағында өмір сүру бизнес жүргізуді оңтайлатады, ал тәжік паспорты бұрынғы Кеңес Одағының елдеріне, жекелеп алсақ Ресейге визасыз баруға мүмкіндік береді.

1 ақпан күні Stan.tv-да қабылданған өзгерістердің себебін түсіндіре келе, Әділет министрінің орынбасары Абдуманнон Холиков: «Көптеген шет ел азаматының некеге отбасын құру үшін емес, Тәжікстан азаматтығын алу-ды жеңілдету үшін отыратындығы құпия емес», - деді. Шет елдіктердің қатысы бар некенің көпшілігі я тілі де, діні де Тәжікстанмен бір Ауғанстан, Иран секілді, болмаса діні бір Пәкістан, Түркия және қытай ұйғырлары секілді өкілдердің қатысуымен орын алады.

Ресми мәліметтерге сәйкес, соңғы бес жыл ішінде Тәжікстанда шетелдіктермен қиылған 2700 некенің әр бесіншісі кейінірек бұзылған.

Әлеуметтік мәселелерге қалам тартып жүрген тәжік журналисті Нилуфар Собир заңға енген өзгерістерді қолдайтынын жеткізді. Оның ойынша аталған өзгерістер әйелдер мен олардың балаларын қорғауға көмек болады. «Соңғы уақытта Тәжікстанда келесідей көріністі көруге болады: ұлтты ұйғыр Қытай азаматы Тәжікстанда қалып, жұмыс істейтін келеді. Осындай жағдай ауғандық ер адамдарға да тән», - дейді Собир.

Олар жағдайы төмен әйелдерді алып, олардың атына өздерінің бизнесі мен меншіктерін жаздырады дейді ол. Бұдан кейін шетелдіктер әйелдерін тағдыр тәлкегені қалдырып, отандарына қайтады.

Душанбе тұрғыны Азизаны 18 жасында шешесі Ауғанстаннан келген 35 жастағы бизнесменге күйеуге берген.

Тәжікстандағы мұсылман дәстүрі бойынша неке қиятын көптеген әйелдерге қарағанда, Азиза ресми түрде отбасын құрған. Алайда, кейін ол күйеуінің екі аңғандық әйелі бара екенін біледі. Отағасы өлген соң, Азиза бүкіл жеке меншіктің күйеуінің Еуропада тұратын бірінші әйеліне мұра болып қалғанын анықтайды, өзі үш баламен далада қалады.

«Нота бене» қоғамдық ұйымының жетекшісі Нигина Бахриева енгізіліп отырған кедергілер адам құқығы туралы халықаралық конвенцияға қайшы келмей ме деп алаңдауда. Ол мұндай өзгерістердің әйелді қиын жағдайға қалдыруы мүмкін екендігін айтады, себебі ер адамдар заңды түрде неке қиюдың қиындықтарынан қашып, молда рұқсат берген діни дәстүрге жүгінуі мүмкін. Егер бұлай болатын болса, ажырасудан кейін әйелдер ештеңесіз қалады.

«Ешқандай заңды жауапкершілік жүктемейтін мұндай қарым-қатынас тәжік әйелдерін, керісінше, әлсіз қылып, олардың әлеуметтік-құқықтық статусын төмендетіп жібереді», - дейді ол.

Гендерлік теңдік пен әйелдерге қатысты күш көрсетудің алдын-алу ассоциациясының атқарушы директоры Алла Қуватова некеге қиылғанға дейін қол қойылатын келісім-шартты жылжымайтын мүлік өз атына аударылған соң әйел де бұзуы мүмкін дейді.

Өзге сарапшылардың айтуынша өзгерістер кейбір шетелдіктердің кесіріне барлық азаматтарға кедергі келтіруі мүмкін деген пікірде. Шахноза Атты әйел университет бітіріп, жұмысқа тұрған соң, өз ортасын қабылдай алмаған, сондықтан ауғандыққа күйеуге шығады. Екеуі Канадаға көшкен, қазір екі баласымен тату-тәтті тірлік кешуде. Әділет министрінің орынбасары Холиков шынайы ниет танытып отырғандарға заң бөет жасамайды дейді.

Бірақтар құқыққорғаушылар шетелдіктерге қатысты некеге мұндай көңіл бөлінуі биліктің шет елге жұмыс іздеп барып, қалып кеткен тәжік еркектері тастаған әйелдерге жеткілікті қолдау білдіре алмауында деген пікірде. Түрлі мәліметтер бойынша, елден кеткен мигранттардың саны 800 мыңнан 1 миллионға дейін жетеді. Олардың басым көпшілігі Ресей асады екен. Миграция бойынша халықаралық ұйымның 2009 жылғы тастанды әйелдердің жағдайы туралы есебіне сәйкес, шет елде жұмыс істейтін еркектердің үштен бірі сол жақта қалып қоятын көрінеді.

**Фаромарз Оламафруз және Ясмин Хушбахт** –  
Тәжікстандағы журналистердің лақап аттары

ОБЪЕКТИВТЕГІ ТӘЖІКСТАН

# ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҚИЫН ӨМІРІ



Фото авторы: Дэвид Триллинг

Фотосуреттер 2009 жылы Тәжікстанда түсірілген.

Фотосуреттер IWPR 2011 жылдың наурызында Душанбе қаласындағы отбасындағы зорлық-зомбылық бойынша өткізген аймақтық дөңгелек үстелінің аясында орын алған «Орталық Азия әйелдері. Отбасындағы күш көрсету. Миграция. Кедейлік» көрмесіне қойылды.



## ӨЗБЕКСТАН

ӨЗБЕКСТАН ТҮРМЕЛЕРІНДЕГІ  
КЕМСІТУШІЛІКТЕР

Мен «Өзбекстан түрмелеріндегі кемсітушіліктер тұтқындардың психикалық ауруға ұшырауына әкеліп соғуда» деген тақырыппен Өзбекстан бойынша мақала жұмысын бастаған кезде қиындықтарға кезіккенімді түсіндім, себебі бұл жабық ел еді.

Мен құқыққорғау тақырыбына мақалалар топтамасын жариялаған соң, елден кетуге мәжбүр болған өзбекстандық әріптес-журналистің ескертуіне қарамастан, аталған жарияланымды қолға аламын деп шештім.

Ол азаптау тақырыбы өзбек билігі үшін жабық мәселе, сондықтан Өзбекстандағы адамдармен хабарласып, мемлекеттік органдарға сұрау салсам, кейін бұл елге кіруім қиындайды деп айтты. Мені «қара тізімге» алып, Өзбекстанға кіруіме тыйым салуы мүмкін екен. Ол құқыққорғаушылар мен журналистерді Өзбекстан аумағына кіргенде есірткі тастап, тұтқындағандары жайлы айтып берді.

Осыған қарамастан, мен мақала жазып көрейін деп шештім. Қырғызстанда өмір сүріп, шетелдік БАҚ пен ҰЕҰ-дарға тыйыс салынған Өзбекстан мен Түркіменстан туралы жазатын IWPR-да жұмыс істей отырып, мен осы елдер туралы материал дайындап жүрген журналистің қандай қиындықтарға кезігетінін жақсы білемін.

Алайда мен үшін басты қиындық тұтқындардың туыстарын әңгімеге тарту болды. Маған олардың түрмелерде қолданылатын азаптаулар туралы айтқан сөздерін тыңдау оңай болған жоқ.

Өз материалымда мен азаптаудың қолданылуы мен өзге де дене зомбылықтарының Өзбекстан пенитенциарлы жүйесінде қалыпты құбылысқа айнала бастағанына баса көңіл бөлдім, бұл тұтқындардың психикалық ауруға ұшырауына әкеліп соғады. Қатаң «тәртіптің» құрбандары ешқандай медициналық көмек алмайды және олар туралы қандай да бір ақпарат мұқият жасырынған.

Бұл тақырып өзбек белсенділері құрған түрлі веб-сайттардан мен хабар оқыған соң бел ала бастады. Парижде орналасқан «Орталық Азиядағы адам құқығы» құқыққорғау ұйымының басшысы Надежда Атаевамен болған әңгіме маған қоғамның өзбек түрмелерінде орын алып отырған адам құқықтарының бұзылғандығы жайлы хабардар болуы керектігіне деген сенімді күшейте түсті.

Менің зерттеуімнің келесі қадамы тұтқындардың туыстарынан келіп түскен хаттарды оқу болды, оларды маған түрмедегі адамдардың қандай азаптауларға ұшырағаны жайлы сипатамамамен бірге Атаева берген болатын.

Туыстарына алаңдаған тұтқындар әйтеуір бір алам табудың жолында құқыққорғаушыларға хабарласқан. Қандай да бір көмек аламын-ау деген ойдан ада олар, құқыққорғау ұйымдары қоғамға тұтқындардың қандай күйде екенін айтып береді, осылайша жағдай жақсы жаққа қарай өзгереді деген үмітпен өмір сүріп отыр.

Мәселенің тамырына үңілген сайын, маған психикалық тұрғыдан қиын бола түсті, алайда мен журналист ретінде өз жұмысымды аяқтау керектігін және оқырманға бейтарап мақала ұсынуым қажет екендігін түсіндім. Мен тұтқындардың туыстарымен байланысқа шығуға тырыстым.

Алайда ол мейлі, тұтқынның туысы болсын, заңгер болсын немесе психотерапевт болсын, Өзбекстанға соғылған қоңырау бірдей аяқталып отырды. Алғашқы уақытта, мен тек аты-жөнімді, қайдан телефон шалып отырғанымды айтып ғана үлгеріп отырдым, алайда адамдар тұтқаны қоя салатын еді. Олар өздері үшін де, түрмедегі туыстары үшін де қорқатын.

Мұндай жағдайда бірталай адам арнайы қызмет өкілдері желіні тыңдап отыр немесе арандатып отыр деп қауіптенді.

Осыған қарамастан, мен келесі күні қайыра телефон соғып, өзімнің жамандық ойламайтынымды дәлелдеуге тырыстым. Менімен әңгімелескендердің бірі түрмеде отырған туысы жайлы айтудан қашақтады. Ол жақыны жайында өткен шақпен сөйледі. Тағы бір адам темір тордың ар жағында отырған туысы жайлы әңгімелеп берді. Оның айтқан сөздерінен жаным түршікті, тек бір бөлігін ғана мақалама қоса алдым.

Бұған қоса, мен Өзбекстандағы психотерапевтпен байланыстым, алайда ол тақырып туралы сөз айтудан бас тартып, менің кім екенімді, қайдан телефон шалғанымды және мақаланы не үшін жазып жатқанымды сұрай бастады.

Өзбекстан Республикасының Адам құқығы бойынша Ұлттық орталығымен байланысу талпыныстары да сәтсіз аяқталды. Хатшы байланыс мәліметтерімді қалдыруды сұрап, жазбаша сұраныс жіберуді талап етті. Өзбек әріптестерім бұл жауап берудің қалыпты көрінісі екенін айтты. Шенеуніктер жауап бермейміз деп тікелей айтпайды, алайда жазбаша сұранысқа да жауап қайтармайды.

Тұтқындағы және Өзбекстанның пенитенциарлы жүйесіндегі адамдарға қатысты азаптаулардың қолданылатыны жайлы жазылып келе жатқанына көп жыл болды. Осы жылдың наурызында өзбек үкіметі мен құқыққорғау ұйымдарының мәлімдемесін тыңдаған БҰҰ-ның адам құқықтары туралы Комитеті елдегі адам құқығына қатысты жағдайды реттейтін бірқатар ұсыныстар әзірлеген болатын. Жекелеп алғанда Комитет азаптау мен өзге де қатал қарым-қатынас түрлерінің алдын-алу үшін қатаң шаралар қолдануды, заң бұзушыларды сот тәртібі бойынша жазалауды және зәбір көргендерге материалдық өтемақы төлеуді ұсынды.

Мен Өзбекстанда ешқашан болмағанмын, алайда осы бір елді әдемі де тылсым, ақкөңіл, қонақжай адамдары, хош иісті палауы мен тәтті наны бар мемлекет деп қабылдайтынмын. Бірақ ендігі жерде Өзбекстанның аты аталған сайын менің ойыма туыстары сыз, суық түрме қабырғасында азаптан, қорлықтан және адамшылыққа жатпайтын қарым-қатынастан өліп жатқан еркектер мен әйелдер оралады.

**Юлия Горьянова**, Бішкектегі Түркіменстан мен Өзбекстан бойынша IWPR редакторы



ӨЗБЕКСТАН

ОБЪЕКТИВТЕГІ ӨЗБЕКСТАН

# ӨЗБЕКСТАН ТҰЛҒАЛАРЫ



❁  
Фото авторлары:  
Андрей Кудряшов және  
Умида Ахмедова  
❁



## ТҮРКІМЕНСТАН

# «РЕФОРМАЛАНҒАН» ТҮРКІМЕНСТАНДАҒЫ ҚАУІП ПЕН РЕПРЕССИЯЛАР



Түркіменстанның халықаралық қауымдастық алдында өзгерістер жолындағы мемлекет болып көрінгісі келетініне қарамастан, ел азаматтары репрессивті көңіл-күйдің әлі жоғалмағанын айтады.

Билікке қайшы деп түсіндіріліп, кез келген іс үшін жазаланудан қорқу үндемеу атмосферасын туғызып отыр, ел өздеріне деген теріс пиғылға көз жұма қарауға мәжбүр.

2007 жылы Гурбангулы Бердымухаммедов президент болып Сапармұрат Ниязовтың орнына келгенде, бұрынғы басшының тандаған даму жолына түбегейлі өзгерістер енгізетінін айтқан болатын.

Денсаулық сақтау, білім, мәдениет секілді салаларда Бердымухаммедов Ниязов енгізген бірқатар шектейті, кейде тіпті ақылға сыймайтын ережелерді алып тастаған еді. Алайда өзге салаларға қатысты түзетулер жайлы сөз де болмады, саяси партиялардың қызметіне рұқсат беру секілді, жүзеге асырудан гөрі халықаралық қауымдастық алдында есеп беуге көбірек ұқсайтын саяси уәделері де орындалмады.

Ниязовтың кезіндегідей Түркіменстан бірпартиялы, тәуелсіз БАҚ-дары жоқ полицей мемлекетіне айналып отыр. Құпия қызмет органдары барлық іске араласады, телефондарды тыңдайды, интернет-трафикке мониторинг жүргізеді, өздерінің ойынша күмән тудыратын адамдарға шет елге шығуға тыйым салады, Түркіменстандағы өмірге көңілі толмаған жандарды қорқытып-үркітеді.

Белсенді диссиденттер мен оппозиция жақтастары ұзақ уақыт бойы я қамауда отыр, я эмиграцияға кеткен, сондықтан қысым олардың отбасы мүшелеріне бағытталған. Қаһарға іліккендердің сапында Ниязов тұрақты түрде жүргізіп отырған үкімет мүшелерінің қатарын «тазалауға» іліккен шенеуніктердің де жақын туыстары бар.

«Біз бұл президент адамгершілікті болады, репрессиялар жоғалады, қауіп жойылады деп санадық, алайда олай болмай шықты», - дейді ашхабадтық журналист.

«Үй телефонымен сөйлесуге қорқамыз, себебі көп адам телефоннан бұрыс сөз айтып қалғаны үшін түрмеде отыр», - деді ол.



## ТҮРКІМЕНСТАН

Ашхабадтың жасамыз тұрғыны Украинадағы туыстарына азық-түлік бағасының өскенін айтқан соң, екі күннен кейін өзін Ұлттық қаіпсіздік министрлігі шақырып алғанын айтады. Ол министрлік қызметкерінің Африка континентіне нұсқап «Олардың ештеңесі жоқ, ал бізде бәрі



бар, түсіндіріңіз бе?» деген соң, кешірім сұрап құтылғанын жеткізді.

Биліктің наразылығын тудыру үшін аса қатты тырысудың қажеті жоқ.

Елдің батысындағы Балканабат қаласының тұрғыны әйелі екеуінің бірдей жұмыстан сұранғандары немесе қосымша уақыт өткізгендері үшін жалақы талап еткендері үшін қызметтерінен айрылғанын айтады.

«Басшылық оған (әйеліне) «бар да күйеуіне айт, құқығын талап ете бермесін, айтпесе барлығыңды түрмеге тоғытамыз» деген. Енді, міне, екеуміз де жұмыссыз отырмыз», - деді ол.

Өзбекстанмен шекаралас, елдің шығысындағы Туркменабат тұрғыны адамдар «кез келген бұрыс сөзі немесе «қате» пікірі үшін» қудалауға ұшыраймыз деп қорқады.

Осындай жағдайда адамдар өздерін әлдебір ұлттық мейрамға, көшелерді тегін тазалауға немесе мақта отырғызу мен жинау секілді маңызы жоғары дүниелерге мойынұсынып, «куана» қатысады.

Үкіметтік жобаларға қолдау мен мемлекеттік басылымдарға жаппай жазылу кезінде «ерікті» ақша жинау жүреді.

«Бұған барлығы көніп отыр, себебі билікке көнбегені үшін қудалауға тап болатынын біледі», - дейді елдің солтүстігіндегі Дашогуз вelayатында орналасқан Куниа-греч қаласының тұрғыны.

Шолушылардың пікірінше, билік басына Бердымухаммедов келгелі бері шет елге шығуға тыйым салынатын адамдардың «қара тізімі» айтарлықтай ұлғайған.

«Қазір ол тізімге 18 мың түркімендік ілікті», - дейді Нидерландыда орналасқан Түркіменстанның тәуелсіз адвокаттарының ассоциациясының төрағасы Тимур Мис-

риханов. Ол Бердымухаммедовтің кезінде «қара тізімдегі» адамдар санының екі есе өскенін айтады.

«Қара тізімнің» бар екендігін растай алатын Түркіменстанның миграциялық қызметінің қызметкері шектен тыс қызығушылық білдіргені үшін, жұмысынан да айрылып қалуы мүмкін екенін айтады.

Өзін Анна деп таныстырған Ашхабад тұрғыны 2006 жылы Ресейге, туыстарына бармақ болып жиналған кезде «қара тізімге» іліккенін айтады. Сол жылы оның бауыры тұтқынға алынған.

Құқыққорғау органдары мен миграциялық қызмет шет елге шығуға салынған тыйым күшін жоймайды, енді келмеңіз деп шығарып салған.

«Егер менің мәселем жария болса, өзім де, тусытарым да қудалауға ұшырауы мүмкін», - дейді ол.

Көп жағдайда адамдар қажетті құжаттарды жинау кезінде немесе әуежайдағы шекара тексерісі барысында кедергіге ұшырамайынша «қара тізімге» іліккенін білмей жүре береді.

Оның себептері түсініксіз. 2009 жылы Қырғызстанда оқып жатқан көптеген студенттер жазғы демалыстан кейін елден шыға алмай қалады.

«Жастардың бір бөлігі әлі күнге «қара тізімде», - дейді баласын шет елге оқытқысы келіп, айнып қалған Туркменабат тұрғыны.

Қаңтар айында президент Бердымухаммедов миграциялық қызметтің ролін күшейтіп, шекара бақылауын қатаңдатты. Бұл қадам қыркүйек айындағы «демократиялық құқықтық және зайырлы» Түркіменстан



мемлекеті жайлы теріс сөз айтып жүргендерге қарсы күресуге күштік құрылым өкілдерін шақырған президенттің мәлімдемесінен кейін орын алған болатын.

Сұралған сарапшылардың бірі болашаққа күмәнмен қарайды, ол кез келген сын тұншықтырылуда дейді.

«Билік өз мүддесі үшін халықты ауыздықтауы мен бас көтергендерді жаныштауын қоймайды», - дейді ол.

Ашхабадтағы саны аз үкіметтік емес белсенділердің бірі мұндай жағдайдың салдарына түрлі бастамалардың тоқырауы мен елдің дамуының кері кетуін жатқызып отыр.

# АШХАБАТ КӨРІ

«Арнайы қызметтер өз қолындағы билікті жағымсыз бағытта пайдаланып отыр. Әр азамат олар үшін қылмыскер болып шығуы мүмкін. Бұл олардың репрессияға деген құмарын одан сайын оята түседі, ал қарапайым адамдардың көңілін түсіреді», - дейді ол.

**Омар Сельджук**, Түркіменстандағы журналистің лақап аты.

**Инга Сикорская**, IWPR-дың Түркіменстан мен Өзбекстан бойынша бас редакторы



## ФОКУСТАҒЫ ТҮРКІМЕНСТАН

# НІСТЕРІ



☼  
Фотосуреттер Түркіменстан  
астанасында 2007, 2009 және 2011  
жылдары түсірілді.  
☾



# ЖОБАМЕН ЖҰМЫС ІСТЕГЕНДЕР



Абахон Султонназаров,  
IWRP-дың Орталық  
Азия бойынша аймақтық  
редакторы



Джон МакЛеод,  
Лондондағы IWRP бас  
редакторы



Сауле Мухаметрахимова,  
Лондондағы Орталық Азия  
бойынша редактор



Айтолқын Құрманова,  
Қазақстандағы IWRP  
Өкілдігінің директоры



Эрлан Абдылдаев,  
Қырғызстандағы IWRP  
Өкілдігінің директоры



Абдумалик Кадыров,  
Тәжікстандағы IWRP  
Өкілдігінің директоры



Дина Токбаева,  
Бишкектегі Орталық  
Азия бойынша IWRP-дың  
аймақтық редакторы



Лола Олимова,  
Тәжікстан бойынша IWRP  
редакторы



Инга Сикорская,  
IWRP-дың Өзбекстан мен  
Түркіменстан бойынша бас  
редакторы



Юлия Горяйнова,  
IWRP-дың Өзбекстан мен  
Түркіменстан бойынша бас  
редакторы



Алмаз Рысалиев,  
IWRP-дың Қазақстан  
бойынша редакторы



Эмир Кулов,  
IWRP-дың Қырғызстан  
бойынша редакторы



Парвина Хамидова,  
ЕО жобасының Тәжікстан  
бойынша редакторы,  
2009-2010 жж.



Нурлан Абдалиев,  
IWRP-дың Қырғызстандағы  
радиоредакторы



Шаходат Саибназарова,  
Тәжікстандағы IWRP-дың  
радиоредакторы



Каарманбек Кулуев,  
IWRP-дың Қырғызстандағы  
радиоредакторы,  
2009-2010 жж.



Зебо Таджибаева,  
IWRP-дың Тәжікстандағы  
радиоредакторы



Дилафруз Назарова,  
Тәжікстандағы IWRP  
Өкілдігінің директоры,  
2010 ж.



Ольга Досыбиева,  
Қазақстандағы IWRP  
Өкілдігінің директоры,  
2009-2010 жж.



Айгуль Болотова,  
ЕО жобасының Орталық  
Азия бойынша редакторы,  
2009-2010 жж.



Әділ Жәлелов,  
ЕО жобасының Орталық  
Азия бойынша редакторы,  
2009-2010 жж.



# ЖОБА ТҰЛҒАЛАРЫ





## **IWPR Central Asia бізге жобаны жүзеге асыру кезінде көмектескен барлық тараптарға алғысын білдіреді:**

«I-media» компаниясы (Қырғызстан); «VRS» компаниясы (Қырғызстан); инфографика маманы Наталья Кожевникова (Қазақстан); оператор-монтажер Фаромуз Муминджонов (Тәжікстан); монтажер, видеоредактор Антон Слонь (Қырғызстан); оператор-монтажер Темур Укушев (Қазақстан); фотограф Бахриддин Исамутдинов (Тәжікстан); фотограф Валерий Калиев (Қазақстан); фотограф Игорь Коваленко (Қырғызстан); фотограф Вячеслав Оселедко (Қырғызстан); фотограф Рустам Юлдашев (Тәжікстан); фотограф Елена Скочило (Қырғызстан); фотограф Нурлан Абдалиев (Қырғызстан); фотограф Серик Ковланбаев (Қазақстан); фотограф Дэвид Триллинг (АҚШ); фотограф Зарина Хушвакт (Тәжікстан); фотограф Влад Ушаков (Қырғызстан); фотограф Рауль Упоров (Қазақстан); фотограф Алтынай Мырзабекова (Қырғызстан); корректор Бакыт Дыйканов (Қырғызстан); аудармашылар Алмазкан Акматова және Салтанат Шабданалиева (Қырғызстан); аудармашы Дінмұхамед Зиядин (Қазақстан); аудармашылар Зебо Раджабова, Фахриддини Холбек және Джовид Муким (Тәжікстан), карикатурашы Нурбек Насыранбеков (Қырғызстан).

### **Байланыс мәліметтері:**

#### **Institute for war & peace reporting**

48 Gray's Inn Road  
London, WC1X 8LT, UK  
Tel: (44 20) 7831 1030  
Fax: (44 20) 7831 1050  
Web: [www.iwpr.net](http://www.iwpr.net)  
E-mail: [info@iwpr.net](mailto:info@iwpr.net)

#### **Қырғыз Республикасындағы IWPR Өкілдігі**

Қырғыз Республикасы,  
Бішкек қ., 720017  
Тоголок Молдо к-сі, 18-2  
Тел.: +996 312 66 44 53, 61 38 70  
Факс: +996 312 61 38 70  
E-mail: [iwpr.kyrgyz@iwpr.net](mailto:iwpr.kyrgyz@iwpr.net)

#### **Қазақстан Республикасындағы IWPR Өкілдігі**

Қазақстан Республикасы,  
Алматы қ., 050000  
Қазыбек би к-сі 50  
2 қабат, 84 кеңсе  
Тел.: +7 727 272 59 03, 272 64 21, 272 68 90  
E-mail: [iwpr.kazakhstan@iwpr.net](mailto:iwpr.kazakhstan@iwpr.net)

#### **Тәжікстан Республикасындағы IWPR Өкілдігі**

Тәжікстан Республикасы  
Душанбе қ., 734003  
Рудаки д-лы, «Точикматлубот» 137, 6 қабат  
Тел.: +992 372 24 70 26  
Тел./Факс: +992 372 24 70 51  
E-mail: [iwpr.tajikistan@iwpr.net](mailto:iwpr.tajikistan@iwpr.net)

INSTITUTE FOR WAR & PEACE REPORTING



## Institute for war & peace reporting

48 Gray's Inn Road  
London, WC1X 8LT, UK  
Tel: (44 20) 7831 1030  
Fax: (44 20) 7831 1050  
Web: [www.iwpr.net](http://www.iwpr.net)  
E-mail: [info@iwpr.net](mailto:info@iwpr.net)

---



### Қырғыз Республикасындағы IWPR Өкілдігі

Қырғыз Республикасы,  
Бішкек қ., 720017  
Тоголок Молдо к-сі, 18-2  
Тел.: + 996 312 66 44 53, 61 38 70  
Факс: + 996 312 61 38 70  
E-mail: [iwpr.kyrgyz@iwpr.net](mailto:iwpr.kyrgyz@iwpr.net)

---



### Қазақстан Республикасындағы IWPR Өкілдігі

Қазақстан Республикасы,  
Алматы қ., 050000  
Қазыбек би к-сі 50  
2 қабат, 84 кеңсе  
Тел.: +7 727 272 59 03, 272 64 21, 272 68 90  
E-mail: [iwpr.kazakhstan@iwpr.net](mailto:iwpr.kazakhstan@iwpr.net)

---



### Тәжікстан Республикасындағы IWPR Өкілдігі

Тәжікстан Республикасы  
Душанбе қ., 734003  
Рудаки д-лы, «Точикматлубот» 137, 6 қабат  
Тел.: + 992 372 24 70 26  
Тел./Факс: + 992 372 24 70 51  
E-mail: [iwpr.tajikistan@iwpr.net](mailto:iwpr.tajikistan@iwpr.net)

---

IWPR аталған жарияланымның мазмұнына толықтай жауап береді, ол Еуропалық Кеңес елдерінің көзқарасын білдіруі міндетті емес